



● КЕШЕ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ БАСТАЛДЫ



Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Оқысаңыз, балалар, шамнан шырақ жағылар...

**Гүлназым
САҒИТОВА**

Бір Аллаға сыйынып,
Кел, балалар оқылық, – деп Ұлы ұстаз Ыбырай

атамыз айтқандай, қыркүйектің алғашқы күнінде қолымызға шоқ-шоқ гүл алып, қуанышымыз қойнымызға сыймай, енді ғана мектеп табалдырығын аттайтын кішкене ғана томпақ қаққан ұл-қыздарымыз-

ды, немерелерімізді жетектеп мектепке барамыз. Үлкен оқушыларымыз болса, ақылына ақыл қосылып, жасына жас қосылып, есейіп, ержетіп бір сынпыққа жоғарылады емес пе?!

2-бет

"Елдіктің асыл тірегі – АТА ЗАҢ!"

Осындай атаумен мерекелік концерт өтті

**Жандос
ЖҮСІПБЕК**

Ата Заңға – 20 жыл! Бұл, тарихи бағаммен дөңгелектегенде, аса көп те уақыт емес. Дегенмен, осы жылдар ішінде егемен елдің еңсерген еңістері ересен. Конституция – дамушы мемлекеттің шыңға шығандауының басты кепілі, тәуелсіздіктің тұтқасы, бірлік-берекенің ұйтқысы. Сондықтан да оның маңызы маңғаз, құны қастерлі. Сондықтан да Конституция күні – мерекелердің төресі.

Елдің түкпір-түкпірінде тойланып жатқан айтулы мейрамды астықты өлкеде сән-салтанатымен атап өтті. Қостанайдың сити-

орталығында қала тұрғындары мен қонақтарына арналып "Елдіктің асыл тірегі – Ата Заң" атты концерттік бағдарлама қойылды.

Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияның өнерпаздары мерекелік концерт шымылдығын әсем ән-күймен ашып берді. Мәдениет қайраткері А.Бубеньконың жетекшілігіндегі Республикадағы бірегей муниципальді үрлемелі аспаптар ансамблі көрермендерді әуелеген әуезді әуенге ұйыта білді.

Қалалық мәслихат хатшысы Н.Халықов сахна төріне көтеріліп, қостанайлықтарға құттықтау лебізін жеткізді. Ізінше "Мирас" ұлттық ансамблі патриоттық

әндерден шашу шашып, көркем мейрамның көрігін қыздырды.

Жиналғандар өзге де жас дарынды өртістердің өнеріне қарық болып, төнтілік танытып, қошемет білдірді.

Айта кеткен жөн, мереке бұл концертке дейін "Конституция жаңа дәуірдің бастауы" атты тағылымдық іс-шарадан басталды. Одан бөлек, түрлі мекемелерде "Құқығым бар" атты ойын-турнирлер ұйымдастырылды.

Негізгі салтанатты шарада қоғамның дамуына қызмет еткен облыстағы майталман мамандар марапатталды.

Облыс әкімі Н.Садуақасов Ата заң туралы тартымды баяндама жасады.



СУРЕТТЕ: облыс әкімі Н.Садуақасов Алдияр Жұматовқа жеке басының куәлігін тапсырды.

«Ата заңым, алтын заңым, ардағым»

**Мұрат
ЖҮНИСҰЛЫ**

ҚР Конституциясы күні Арқалық қаласында да айшықты аталып өтілді. Театр сахнасына еліміздің қастерлі көк туы әкелініп, өнұраны шырқалды. Салтанатты жиында қала әкімі Ғ.Бекмұхамедов пен қалалық сот төрағасы К.Ақшалов құттықтау сөз сөйледі.

Елбасы Жарлығымен шыққан «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» мерекелік медалы иелеріне табыс етілді. Олар: қалалық салық бөлімінің басшысы Б. Әлмағамбетов, «АСХОС» ЖШС директоры С.Гачкайло, «Алюминқұрылыс» ЖШС директоры А.Мұқанов, «ТБРУ» директоры В.Родин, өңірлік аурухананың бас дәрігері Қ. Смағұлов, ІІБ басшысы Т. Жанқылышов, спорт мектебінің директоры Р. Шалабаев, «Бірлік К» ЖШС директоры Қ.Мұқашев, сот судьясы Б.Карбенова, білім бөлімінің сынып меңгерушісі Е.Сысоева.

Облыс әкімінің грамотасына кәсіподақ ұйымының төрағасы Г.Дьячкова және Н.Құлжанова атындағы «ТГК» бөлім меңгерушісі Д.Байдашов ие болды. Өзге де көптеген еңбек озаттарына қала әкімінің грамотасы мен гүл шоқтары берілді.

Мерейлі мерекеге қала және ауыл өнерпаздары өрнекті өнерлерімен шашу шашты.

Арқалық қаласы.



Қала әкімі қайырымдылық акциясына қатысты

**Қымбат
ДОСЖАНОВА**

Қостанай қаласының әкімі Ахмедбек Ахметжанов «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында 1 сыныпқа баратын Инна Ержановаға көмек көрсетті.

Инна Ержанова жаңа оқу жылында қаладағы №5 мектеп-гимназиясының табалдырығын аттамақ. Қала басшысы Иннаға мектеп формасы мен спорттық киімдер, маусымдық аяқ киім сыйлады. Сондай-ақ оқу құралдарын сатып алып берді. Қала әкімі былтырғы жылы да Инна Ержановаға барлық оқу құралдарын сыйға тартқан болатын. Ол кезде Инна мектеп алды даярлық сыныбына барды. И.Ержанова қазіргі уақытта Татьяна Мальцеваның қамқорлығына алынған.

Шаһар басшысы Ахмедбек Масақбайұлы Иннаның сабақты жақсы оқып, жоғары жетістікке жетуін тіледі.

«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы ең алғаш рет 1998 жылы Қостанай облысында басталған болатын. Ал 2001 жылы аталмыш акция республикалық деңгейде кең тарап, өзге облыстарда жалғасын тапты.



Шәкірттерге қайырымдылық жасады

ҚР ІІМ Қостанай облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті УК-161/1 мекемесі «Мектепке жол» жалпыреспубликалық акциясына қатысты.

Мекеменің жеке құрамы әр балаға шамамен 80 мыңдай қаражат жинап, керекті киім-кешек, оқу құралдарын алып берді. Мекеме басшысы әділет подполковнигі Дархан Белгібаев барлық жеке құрам мен қонақтарды айтулы мерекемен құттықтап, бүлдіршіндерге салтанатты түрде сыйлықтар табыстады.

Осы шарада жеке құрам мен қалалық «Строительный» кітапханасының өкілдері мерекелік іс-шараға ат салысты. Бұл күні УК-161/1 мекемесі қызметкерлерінің балаларына, атап айтсақ, әділет прапорщикі режим және күзет бөлімінің аға бақылаушысы Арман Төлегеновтың қызы Есенгереева Наргизға, осыдан 5 жылдай бұрын бірге қызметтес болып, режим және күзет бөлімінің бақылаушы лауазымында жұмыс атқарған Серік Сейтқалиевтің балалары Сейтқалиев Мирас пен Кенжетәев Диасқа сыйлықтар табыс етілді. Іс-шара соңында бүлдіршіндердің ата-аналары жылы-жылы лебіздерін білдіріп, қызметкерлерге жұмыста тек қана биіктерден көрінулерін тіледі.

Ақжарқын ЖАНҒАБЫЛОВА,
УК-161/11 мекемесінің инспектор-психологы.



Қай-қайсысы болмасын мектепке асығулы, өйткені қол бұлап білім шақырады, күміс қоңырау үні сыңғырлайды. Білім күніне арналған салтанатты кеш облыс бойынша құшақтарын айқара ашқан бес жүз отыз тоғыз орта мектебінде де өткен-ді. Қостанай қаласындағы №7 орта мектебінде Білім күніне арналған сондай салтанатқа облыс әкімі Н.Садуақасов қатысты. Мектептегі салтанатты жиынға келген ата-аналар да, оқушылар да, мұғалімдер де, әсіресе бірінші сыныптың оқушылары да жүздері күлімдеп, көңілдері толқулы. Жиналғандарды білім күнімен құттықтаған облыс әкімі Н.Садуақасов кең-байтақ елімізде, соның ішінде біздің облысымызда оқушы балаларымыздың заман талабына сай білім алуларына барлық жағдайдың жасалынып жатқандығын, бү-

гінгі заман – білімділер заманы екенін айта келіп, білікті педагогтардан білім алған оқушылардың қай-қайсысы болмасын талапқа сай білім алып, мамандық иесі атанып, елімізге, Қазақстанға өз үлесін қосатынына сенімі мол екенін жеткізді.

– Бүгінде облысымызда оқушы балаларымыздың уақыт талабына сай білім алуларына барлық мүмкіндік бар. Мемлекет, жергілікті органдар тарапынан білім саласына барлық жағдай жасалу үстінде. Жылдан-жылға бірінші сыныпқа баратын бүлдіршіндер саны көбею үстінде. Осы мектептің өзінде бірінші сыныпқа 129 бала келіп отыр. Жаңа оқу жылында Қостанай қаласында бес жүз орынға арналған қазақ мектебі ашылады. Қазіргі кезде жаңа мектептегі оқушы саны 407 болса, оған мектепке дейінгі даярлық тобындағы 100 баланы

қосыңыз. Ал, Қостанай қаласындағы №10 орта мектебі мен Алтынсарин ауданы Свердлов орта мектебінде жаңа жалпы білім беру бойынша мемлекеттік стандарттың апробациясы өтеді. Және республика бойынша соның ішінде біздің облысымызда да 1 сынып оқушыларына тарту ретінде Президентіміздің «Менің Отаным – Қазақстан» деп аталатын кітабы сыйлыққа беріледі. Сол секілді мектептерімізде «Ерлік» сабақтары өтеді. Мектептеріміз толықтай оқулықтармен қамтамасыз етілді, – деді бізге Қостанай қалалық білім бөлімі басшысының орынбасары Данагүл Сүйіндікова.

Білім күніне арналған салтанаттан соң, облыс әкімі мектеп ішін аралап көрді, 1 сынып пен 11 сыныптың оқушыларымен кездесіп, жаңа оқу жылымен құттықтады.

● ЖӘРМЕҢКЕ

120 тонна өнім сатылды

Билығы жылдың алғашқы жәрмеңкесі 29 тамыз, яғни үйреншікті сенбі күні өткізілді. Күн жылуы кетіп, суыта бастаған шақта пайдалы дәрумендермен қуаттанып алғанымыз жөн. Облысымыздың әр аудандарынан келген саудагерлер пайдалы, табиғи өнімдерді сатылымға қойды. Бағасы да қолжетімді. Жәрмеңке барысын облыс әкімінің орынбасары Базыл Жақыпов мырза өзі аралады.

– Қала тұрғындары жәрмеңкені асыға күтті. Соны ескере отырып, ауыл өнімдерін әкелушілерге молырақ болуын тапсырдық. 120 тонна көлемінде тауар әкелінді. Соның ішінде 22 тоннасы ет, ал көкөністер 40 тоннаны құрайды. Қалғаны басқа да азық түрлері. Барлығы осы Қостанай облысының өнімдері. Бағалары әдеттегі базармен салыстырғанда 15-20% арзан. Алдағы уақытта әр аптаның сенбісінде жәрмеңке үзбей өткізілетін болады, – деді Б.Жақыпов.

Өнім сапасын зертханадан мамандар келіп



қадағалады. Тауарлар таза, балғын күйінде ғана сатылды. Тұтынушылар еш алаңсыз сатып алса болады.

Кенже ҚОНЫСБАЙ.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Өндірісті өлкенің экономикасы тұрақты

**Жандос
ЖҮСІПБЕК**

Жітіқара ауданының әкімі Мейрам Өтешов облыстың БАҚ өкілдерімен баспасөз мәслихатын өткізіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы жайында мәлімет берді.

Соңғы жеті айдағы көрсеткіштер ауданның экономикалық тұрақтылығынан хабар береді. Өнеркәсіп өнімі 10 039,7 млн. теңгені құрады. Қазақстандағы бірегей асбест өндіруші зауыт осы өңірде. Жылма-жыл өнім ауқымын еселеп келеді. Өлемдегі 9 асбест зауытының бірі ретінде ішкі-сыртқы нарықтың сұранысын қанағаттандырып отыр. Алтын, николь, молибден сынды металдар өндірісі де ірге көкөйте түскен. Таяу уақытта «Брендт» ЖШС және «Орион Минералс» ЖШС алтын өндіруші кәсіпорындардың қатарын толықтырмақ. Өңірлік Индустрияландыру картасына жалпы сомасы 10250 млн. теңгенің 3 жобасы қосылды. Екеуі іс барысында. 180 жаңа жұмыс орнының ашылуына ықпал болды. Ал, Индустрияландыру картасынан тыс 1354,6 млн. теңгенің алты жобаның тұсауы кесілген. Мұнда да екеуі іске кірісіп, 71 адамды жұмыспен қамтыды.

Жітіқарада ашылғалы отырған индустриалды аймақ туралы да сөз қозғады аудан әкімі. Бұл – өңірге инвестиция тартуға тың серпін беретін облыстағы бірегей жоба. Республикалық бюджеттен 280,8 млн. теңге, облыстық қазынадан 31,2 млн. теңге және

аудан қаржы қамбасынан 20 млн. теңге бөлінген. Коммуникация тартылып, теміржол төселген 63 га жер телімінде сегіз кәсіпорын жұмыс істемек. Мейрам Өтешов мұнан соң нақ осындай тағы екінші аймақ ашуға кірісетіндіктерін айтты.

Ауыл шаруашылығы жайында келтірген деректерінде қазіргі қырман басындағы қызу жұмыстарға тоқталып өтті.

– Көктемгі егіс науқаны көзделген мерзімде аяқталды. Бидай дақылдары – 173,5 мың га алаңға, майлы дақылдар – 4,1 мың га алқапқа және 11,8 мың га алаңға жем-шөп дақылдары себілген болатын. Нәтижесін көрер күн алыс емес. Орақ жұмыстары да ойдағыша жүріп жатыр. Астық шығымы аса бітік болмады. Гектарынан 6-7,5 центнер күтіліп отыр. Мұндай деңгейлі өнімді соңғы үш жылда алып келеміз. Себебін алқаптар аумағының қысқартылғандығымен түсіндіруге болады, – деді аудан басшысы.

Ауданның әлеуметтік ахуалы, жалпы есеппен, көңіл көншітеді. Әсіресе, «Алғашқы қоңырауға» даярлық жақсы жасалғаны аңғарылады. Барлық мектеп оқушылары жүз пайызға оқулықтармен қамтылған. Есігін апатты күйде ашпақ оқу ошақтары жоқ. Тек кейбір ауылдық мектептерде маман жетіспеушілігі сезіледі. Атап айтқанда, химия, биология және ағылшын пәндеріне оқытушылар қажет-ақ.

Брифингте тілшілер қауымы баяндалған жайттар төңірегінде сұрақтарын қойып, қос тілде де тұщымды жауаптар алды.

• ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ

Өндірістегі жарақатқа
кім кінәлі?Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғ.Нұрмұхамбетовтың төрағалығымен өткен отырыста облыс кәсіпорындарындағы еңбек құқығының қорғалуы мен еңбек қауіпсіздігін жақсарту мәселелері талқыланды.

Облыстық еңбек инспекциясы басқармасының басшысы М.Моргуновтың айтуынша, өткен жеті айда облыс аймағындағы кәсіпорындарында 89 адам зардап шексе, оның 11-і өліммен аяқталған. Жазатайым оқиғалардың дені тау-кен өнеркәсібі, ауылшаруашылығы, коммуналдық шаруашылығы алаңдарында жиі кездеседі екен.

Ағымдағы жылдың басынан бері аталмыш басқармаға жазатайым оқиға болған өндіріс орындарында 49 арнайы тергеу жүргізген. Сондай-ақ, мемлекеттік еңбек инспекторлары 52 кәсіпорынның еңбек ұжымымен кездесіп, еңбек қорғау мәселелері бойынша ауызша кеңес берілгенін жеткізді.

Жыл басынан бері тау-кен өнеркәсібі саласында 17 адам зардап шеккен. Бұл өткен жылдың дәл осы мерзімімен са-

лыстырғанда 19% жоғары, ал кәсіпорындардың коммуналдық шаруашылықта 12,5% көбейсе, ал ауылшаруашылығы саласында 60% дейін төмендеген.

Жиында облыстық төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Мұса Танабаев барлық өндірістік кәсіпорындарда техникалық қайта құралдандыру жоспар бойынша ескірген 51 техниканы жаңарту керек болса, қазір олардың 13-і ғана ауыстырылып үлгерді. Құрылғылар мен техникалардың көбінің пайдалану мерзімі өтіп кеткен. Мамыр айында «ССКӨБ» АҚ-на жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, 274 өнеркәсіп қауіпсіздігінің бұзылғаны анықталды. Бұзушылықтардың дені бұрғылау жұмыстарына байланысты. Дені құжатсыз жүргізіледі.

«ССКӨБ» АҚ өнеркәсіп қауіпсіздігі бойынша департамент

бастығы Александр Бондаренко «Жыл соңына дейін техникаларды жаңалауға тырысамыз, дегенмен барлығын түгелдей жаңартуға қаржы жоқ. Бірақ төтенше жағдайлар департаменті анықтаған заң бұзушылықтарды қалпына келтіреміз», – деді. Сондай-ақ, ол өндірістегі жарақаттың бірден-бір себебі, жұмысшылардың жұмыс кезінде ішімдік ішуі кезінде болатынын алға тартты.

– Тек қана соңғы үш аптаның ішінде жұмыста мас жүрген 14 адамды ұстадық. Оның екеуін ғана жұмыстан босатуға тура келді, ал, қалғаны наркологиялық диспансерге жеткенше «сауығып кетті». Сондықтан оларды сау күйінде жұмысқа келуді үйретуге тура келеді, – деді Александр Бондаренко.

Одан әрі сөз алған облыстық кәсіподақтар орталығының төрайымы Б.Ертаева осы мәселені қаузады. Жалпы, өндірістегі жарақаттар мен еңбек дауларына қатысты түрлі заң бұзушылықтардың алдын алу үшін еңбек инспекциясы жөніндегі басқарма, жұмыс берушілердің бірлестігі және кәсіподақтар орталығы бірлескен меморандумға қол қоюлары керек деген ұсыныс білдірді.

• БАҚ ДЕГЕНІМІЗ – БАҒДАРШАМ

Теріскей аймақтың тілшілері
тренингтен өттіЖандос
ЖҮСІПБЕК

ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі, Әкімшілік жұмысының кестесіне түзету енгізілуіне байланысты, өңірлік БАҚ үшін әлеуметтік медиадағы жергілікті атқарушы органдар жұмысының мәселелері жөніндегі семинар-тренингін өткізді.

Көкшетау қаласында өткен аталмыш семинарға Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарының тілшілері және әлеуметтік медианы белсенді пайдаланушылар, сондай-ақ әкімдік қызметкерлері қатысты. Семинар-тренингтің Көкшеде өткізілуінің себебі бар. Мұнда ҚР Президенті жанындағы ОКҚ-нің филиалы ашылды. Айта кетелік, бұл қызмет әуел баста ҚР мемлекеттік органдарының транспаренттілігін арттыру және қоғамды мемлекет жұмыстары туралы ақпаратпен қамтамасыз етіп отыру мақсатында құрылған. Көкшетау – ОКҚ филиалы ашылып отырған жетінші өңір. Осыған байланысты, семинардың көтеріп отырған жүгі – филиалдардың қалай жұмыс істеуі керектігімен тілшілер қауымы мен ішкі саясат бөлімдері мамандарын ақпараттандыру, даярлау.

Семинар-тренингтің алғашқы күні әлеуметтік медиаға арналды. Белгілі блогер Мәдина Баймұханова сайтпен, әлеуметтік желілермен жұмыс істеудің тетіктері туралы дәріс оқыды. Ізінше түсіндірілген тақырыптар бойынша практикалық тапсырмалар беріп, қатысушыларды ширатып алды. Желі тұтынушыларына ақпараттың өтуіне, жеке сайттың ілгерілеуіне қажетті тәсілдер мен әдістемелер айтылды.

Ал екінші күн тыңдармандар үшін одан әрі қызықты өтті деуге болады. «Ақпараттық жұмыстарды ұйымдастырудың базалық тәсілдемелері» атты тақырыпта ҚР Президенті жанындағы ОКҚ-нің қос бірдей маманы кезектесе сабақ жүргізді. Ақпарат-



тық жұмыстардың заманауи технологиялары терең дәріптеле түсті. Дәрістердің өзектілігі – ел мүддесін, мемлекет саясатын, ұлттық жоспарларды қоғамдық пікірмен ұштастырудағы, дағдарысқа қарсы күрестегі ақпараттық ресурстардың рөлін айқындау. Елбасы саяси платформасына халықты жұмылдыруда БАҚ атқаруы тиіс міндеттерді белгілеу. Тағылымды сабақтардан соң тыңдаушыларды топ-топқа бөліп, тапсырмалар берілді. Қайбір топ та аз уақыт ішінде жұмысты орындап, ұшқыр ойлы, жан-жақты білімді, идеяға бай екендіктерін байқатты. Мәселен, ең қызықты болған тапсырмалардың бірі – баспасөз клубын өткізу. Ойdan шығарылған төтенше жағдай төңірегінде тыңдаушылар «тілшілер» мен «құзырлы мекеме өкілдері» болып бөлініп, брифингтер өткізіп көрді. Тосын жағдайда тосылып қалмады. Ұйымдастырушылардың қошеметін алды, айтқан түзету сынын да қабыл етті. Тренинг соңы өзара сұрақ-жауаптарға ұласты.

Қорытындысында, ОКҚ мамандары өңірлерден келген семинар қатысушыларына тренингтен өткендігін растайтын сертификаттар табыс етті. Семинарға келушілердің барлығы да ұйымдастырушыларға алғыстарын жолдап, үйреніп-білгендерінің көп болғанын айтысып жатты. Мамандар мұндай тренингтің болашақта солтүстік өңірдегі өзге де қалаларда жалғасын табуы мүмкін екенін айтты.



Жол құрылысы аяқталуға жақын

Қостанай. Облыс орталығындағы солтүстік-батыс шағын ауданындағы жол құрылысы келесі аптада аяқталады. Қазір тас жолды тегістеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ал, одан кейін арнайы белгілер орнатылмақ. «Бұл маңда мемлекеттік тілде оқытатын мектеп бой көтергендіктен, оны да есепке алдық. Жол бойында төрт автобус аялдамасы орнатылады. Өйткені, аудан аумағы ұлғайып келеді және мектепке Қостанайдың әр түкпірінен қатынаушылар көбейеді. Автобус аялдамалары тұрғындарды жел өтінен, жауын-шашыннан қорғайды», – дейді мердігер фирманың жетекшісі Майль Тороян.

Күн күрт суытады

Облыста. Қазақстанның бес өңірінде күн күрт суытады. Бұлардың арасында Қостанай да бар. «Қазгидромет» орталығы хабарлағандай, 2-3 қыркүйек күндері Қостанай мен Солтүстік Қазақстанда, ал 4 қыркүйекте Ақмола, Қарағанды облыстарында сынап бағанасы түнде -1-3 °C-ге дейін төмендейді.

Акция аясында

Ұзынкөл. Жыл сайын дәстүр бойынша жаңа оқу жылы қарсаңында тамыз айынан бастап ұйымдастырылатын «Мектепке жол» қайырымдылық шарасы аясында аудандық соттың төрағасы А. Бүркітбаев көпбалалы отбасының 3 сыныпқа баратын оқушысы Риза Иссергепованы, ал, мәслихаттың хатшысы 9 сыныптың оқушысы Юлия Брайченкоға қол созып, мектепке қажетті киім-кешектерін, спорт киімдерін және оқу-құралдарын сатып алып беруге көмектесті.

Қайырымдылық акциясы жалғасуда

Жігітқара. Республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы еліміздің түкпір-түкпірінде 1 тамыздан бастап жалғасып келеді. Аталған акцияның мақсаты – асыраушысы жоқ тұл жетім және жағдайы нашар көп балалы жандарға көмек көрсету болып табылады. Биыл акцияның аясында ауданда «Балаларға бірге көмектесеміз!» деген ұранмен 120 оқушыға 500 мың теңгенің көлемінде жәрдем жасалды. Игі шара қыркүйек айының соңына дейін жалғаса береді.

Ауыл көшесі абаттандырылды

Қарасу. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша Новопаоловка ауылында үстіміздегі жылы көшелер жарықтандырылып, аулалар тазартылды. Бұл жергілікті тұрғындарды қуанышқа бөледі. Жыл сайын мұнда шешімін күткен шаруалар біртіндеп шешіліп келеді. Мемлекеттік бағдарламалардың арқасында ауылдағы ағайынның көкейін күпті еткен көптеген шара қолдау тапты. Биыл да ауылдағы бей-берекет шашылған қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылып, орталық көшелер абаттандырылды.

Жаңа платформалар салынып жатыр

Арқалық. Шұбаркөлмен арадағы жаңа теміржол желісінің стансаларында жолаушылар пойыздары үшін платформаларды салу басталды. Бұл нысандар Терісакқан және Шұбаркөл стансаларында жобаның бірінші кезегінің жоспарына сәйкес салынып жатыр. Қалған стансалар мен разъездерде құрылыс келесі жылы жүргізілмек. Жолаушылар қозғалысын ашу Қазақстанның бүкіл аумақтарына проблемасыз жетуге мүмкіндік береді. Арқалық-Шұбаркөл теміржол желісінде барлығы 5 станса мен 4 разъезд орналасқан.

● ЖАҢА АҚША – НЕСИЕ САЯСАТЫ

Бағаның өсуіне жол бермейік

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті мен ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлік субъектілеріне тауар нарықтарындағы бағалардың алыпсатарлық өсуіне жол бермеу туралы бірлескен үндеуі

Алыпсатарлық бағалар тәуекелі ең алдымен бірінші кезекте қажет азық-түлік тауарларына, жоғары тұтынушылық сұранысқа ие (автомобильдер, ұйымдастырушылық техника, тұрмыстық химия заттары және т.б.), сондай-ақ мультипликативтік әсері бар азық-түлікке жатпайтын тауарларға (мұнай өнімдері, тауарлық және сұйытылған газ, көмір, мазут және т.б.) қалыптасқан жағдайда, Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті мен ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы халық үшін сауда мен қызметтер салаларының кәсіпорындарына, сондай-ақ отандық тауарөндірушілерге тұтынушылар тарапынан дүрлігуге және наразылыққа итермелей қалыпты жұмыс режимін сақтауға шақырады.

Қалыптасқан макроэкономикалық жағдайда барлық бизнес-қоғамдастықтары мен мемлекеттік органдардың бір жағынан нарық субъектілері тарапынан алыпсатарлық, ал екінші жағынан – билік өкілдері тарапынан теріс пайдалану және негізсіз бақылау және санкциялық іс-қимылдар фактілерінің туындау тәуекелдеріне алып келмеуі тиіс бірлескен конструктивтік іс-қимылға күштерді жұмылдыру маңызды деп санаймыз.

Монополияға қарсы орган монополияға қарсы заңнаманы бұзушылық белгілері бойынша тергеу ашуға құқылы.

Сонымен, тергеуді бастауға нарық субъектілерінің мынадай алыпсатарлық (немесе үстем жағдайды теріс пайдалану) фактілері алып келуі мүмкін:

- монополиялық жоғары бағаны белгілеу;
- өндіру немесе өнім беру мүмкіндігі болған кезде сұранысқа ие тауарларды өндіру және өткізу бойынша негізсіз шектеу-

лер енгізу;

– тауарды өнім айналымнан алып қою арқылы нарықта жасанды тапшылық жасау («Бәсекелестік туралы» ҚР Заңының 13-бабы).

Сондай-ақ:

– тауарларды сатып алу немесе өткізу бағаларын не басқа шарттарын белгілеу және (немесе) қолдау;

– тауарларды өндіру мен өткізуді негізсіз шектеу («Бәсекелестік туралы» ҚР Заңының 10, 11-баптары) бойынша нарық субъектілерінің келісімдері және (немесе) келісілген іс-әрекеттеріне тыйым салынады.

Мұндай іс-әрекеттерді жасау барлық монополиялық табысты тәркілеп (ҚР ӘҚБтК-нің 159-бабы) 3%-дан 5%-ға дейін айналым айыппұлдарын салуға әкеп соғады.

Бұдан басқа, аталған бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапкершілік (ҚР ҚК-нің 221-бабы) көзделген.

Сонымен қатар, монополияға қарсы тергеуге жол бермеу үшін ескертілетін ықпал ету шараларын қолдану кезеңінде нарық субъектілерін өз қызметін негізді бағалық және сауда саясатын жүргізіп, қолданыстағы заңнамаға қатаң сәйкестікте, объективті мән-жайларды, оның ішінде:

- өнім қалдықтарының (қорының) бар болуы;
- өнімді өндірудің нақты өзіндік құнының немесе сатып алу құнының өзгермейтіндігі;
- өткізілетін өнімнің артуы өнімнің өзіндік құнының не өнімнің сатып алу құнының артуына пропорционалды болуы (мысалы, сатып алу не өзіндік құн бар болғаны 5%-ға ұлғайған кезде тауарды өткізу бағасының 20%-ға негізсіз ұлғаюы).

Монополияға қарсы органның

қызметкерлері әкімдіктер жанынан құрылған бағаларды бақылау бойынша жедел штабтардың құрамына кірді, онда монополияға қарсы ден қою құралдарының елеулі жинағын ескере отырып, қалыптасқан жағдайда олар белсенді рөл атқаратын болады.

Тергеулерден басқа, монополияға қарсы орган негізгі әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағаларына күн сайын мониторинг жүргізетін болады.

ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы өңірлік кәсіпкерлер палатасының күшімен аталған штабтарда өз өкілдіктерін қамтамасыз етеді, олардың міндеті:

– бизнес-қоғамдастықтармен, сауда желілерімен, базарлармен және ОТП бағаларды негізсіз көтеруіне жол бермеу жұмыстарын ұйымдастыру;

– жергілікті атқарушы органдар тарапынан асыра сілтеуге жол бермеу (өкілеттіктерін асыра пайдалануға бақылаушы мемлекеттік органдарды тарту, баға саясатын таңу және т.б.);

– халық үшін аса маңызды тауарлар мен қызметтердің бағаларына талдау жұмыстарын ұйымдастыру және мониторинг жүргізу болып табылады.

Бағалардың күрт өсу фактілері бойынша ҚР ҰЭМ ТМР ж БҚК Қостанай облысы бойынша департаментінің 8 (7142) 39-17-92 сенім телефоны арқылы хабарласуға, сондай-ақ ресми өтініштермен жүгінуге болатынын азаматтарға хабарлаймыз.

Кәсіпкерлік субъектілері мен азаматтарға барлық толғандырып отырған мәселелер бойынша Қостанай облысының өңірлік кәсіпкерлер палатасы кеңесшілерімен тұрақты байланыс жұмыс істейді тел./факс: 8 (7142) 39-42-08, электрондық пошта: kostonay@palata.kz, сайт: palata.kz).

Бағаның өсуі бизнес үшін қолайлы

Сайран БҰҚАНОВ,

«Қарқын» ЖШС-нің директоры, Қазақстанның Еңбек Ері:



Теңге бағамының өзгеруі – қарапайым халыққа кері әсерін тигізбеуі тиіс деп ойлаймын. Ұн, бидай іспетті ауылшаруашылық тауарларын экспорттап отырған біздер үшін бағаның көтерілгені тиімді. Тауарларымыз сауда-саттыққа шыққанда доллармен есептелетіндіктен, бұдан ұтатынымыз анық. Мұндай жағдайда Елбасымыздың қабылдаған шешімін қолдаған дұрыс.

Баға толқуы басыларын анық, доллар бағамы өз межесіне түседі, осыдан кейін барлығы да, өз орнына келеді.

Біздің кәсіп үшін доллардың өскені қажет. Доллармен сатылғанда тауарларымыздан теңгемен шаққанда 30%-ға дейін табысымызды еселейміз. Өндіріс ошақтарының жағдайы жақсы болса, қарапайым тұрғындар мен жұмыскерлердің де жалақысы арта түседі. Түсіп жатқан пайданың қызметкерлерге де тиімді екені түсінікті.

Қазақстандық хризотилдің бәсекелестігі арта түспек

Ербол НҰРХОЖАЕВ,

«Қостанай минералдары» АҚ басқармасының төрағасы:



Доллардың дәл мұншалықты көтерілгені елді алғашында бір дүрліктіріп жіберді. Кейін бәрі басылды ғой. Елбасы Н.Назарбаев Үкіметке бірнеше қадау-қадау тапсырмалар жүктеп, теңгені еркін айналымға жіберіп, тығырықтан шығудың жолын тапты.

Мұндай жағдайда қарапайым халық ең алдымен қиналады: азық-түлік қымбаттайды, сырттан әкелінетін тауарлар, коммуналдық қызмет бағасы өседі. (Бірақ қазір бұл үкіметтің жіті бақылауында) Ал, керісінше, тау-кен және металлургиялық кәсіпорындарға, яғни, негізгі өнімі экспортталатын біздерге анағұрлым жақсы. Десек те, тау-кен өндірісімен айналысатын барлық кәсіпорындар былтырғы жылдан бері біраз қиыншылықты бастан өткеруде. Дағдарысқа дағдарып, сыртқы нарықта сұраныс азайып, сол сұранысқа сай өнім көлемі де кеміп кетті. Сонда да бұл құқайға шыдап келдік.

Біздің шикізат сыртқа жөнелтілгенде доллармен өлшенеді. Қазір теңгенің еркін айналымға жетуі арқылы біз бұрын тауарды 1 долларға, яғни, 188 теңге сатсақ, енді 240 теңгеге сатамыз. Бұл еліміздегі бірнеше кәсіпорын жұмысының тоқтап қалмауы үшін жасалып жатқан жағдай. Бір жағынан бюджетке де қаржы құйылады деген сөз.

Жаңа ақша – несие саясаты дүниежүзілік нарықтағы қазақстандық хризотилдің бәсекелестігін де арттыра түспек. Міне, сондықтан да «Қостанай минералдары» АҚ-ның басшылығы бұдан үлкен үміт күтуде. Келесі тұрғыдан бағамдасақ, теңгенің еркін айналымы кәсіпорынның қаржылық барлық міндеттемелерін теңге эквивалентіне шаққанда өсімін де ұлғайтады.

Осы жағдайда кәсіпорын биылғы жылды жақсы экономикалық көрсеткіштермен аяқтап қалуы әбден мүмкін. Оған ұжым мен кәсіпорын мамандары бар күш-жігерлерін салмақ ниетте.

Әңгіме арқауы – еңбек адамы

Рудный қаласында дәстүрге айналған «Шеберлер елі: бір отбасы» акциясы өтті.

Қазақстан Жазушылар одағы мен Еуразиялық топтың осынау ұзақмерзімді әлеуметтік жобасының басты мақсаты – патриоттық сезімді тәрбиелеу, жұмысшы мамандықтардың беделін көтеру және өнеркәсіптік өңірлердің тұрғындарын отандық әдебиет пен мәдениетке жақындату. Бұл жоба ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауындағы қоғамдық санада еңбектің құндылығын арттыру, өмірдегі жетістіктердің бастамасы еңбек екенін түсіндіру туралы тапсырмасына жауап болып табылады. Биыл жоба Ақтөбе, Ақсу және Рудный қалаларында өткізілді. Кеншілер қаласындағы акцияға «Простор» журналының бас редакторының орынбасары, «Тәржіман – әдеби аудармашылар одағы» бірлестігінің төрағасы, акын Қайрат Бакбергенов, «Мәдени мұра» журналының бас редакторы, прозашы, журналист-зерттеуші Жарылқап Бейсенбайұлы мен алматылық акын, әрі жазушы Римма Артемьева қатысып, «ССКӨБ» АҚ маңызды нысандарын аралады. Еңбек ұжымдарымен кездесіп, мастер-класстар өткізді. «Рассвет» сауықтыру орталығында ұйымдастырылған кездесуде қаламгерлердің әрқайсысы өз шығармашылығындағы басты өнегелі құндылықтар мен тәуелсіз Қазақстанның алатын орны туралы айтып берді.

– Адамдар үшін өмірге мән беретін жазушының



сөзі қажет. Сондықтан жазушыларға оқырмандармен кездесу, өз шығармашылығын өндірістен және еңбек ұжымдарымен кездесулерден алған жаңа әсерлермен толтыру керек. Біздің ойымызша, Еуразиялық топтың қолдауымен отандық өнеркәсіппен байланыста болу жөніндегі қайта жаңғырған жақсы дәстүр әдебиетке еңбек адамын қайта алып келуге жол ашады, - дейді Жарылқап Бейсенбайұлы.

Басқосу барысында «ССКӨБ» АҚ жұмысшылары арасында өткен шығармашылық байқаудың қорытындысы шығарылып, лауреаттар мен жергілікті акын-жазушылар өз шығармаларын оқып берді.

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ.

«ВАЛЮТ-ТРАНЗИТ БАНК» АҚ САЛЫМШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Құрметті «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшылары! 2015 жылғы 10 тамыздан бастап «Банк ЦентрКредит» АҚ бөлімшелері Сіздердің «Валют-Транзит Банк» АҚ-тағы депозиттеріңіз бойынша қосымша өтем алуға өтініштеріңізді қабылдауды бастады. Осы уақыт аралығында **2 мыңнан астам салымшы** ақшасын алу үшін хабарласты. Қалған салымшылардың басым бөлігі келесі аймақтар мен қалаларға тиесілі: **Қарағанды облысы және Қостанай, Астана, Алматы, Павлодар, Орал, Өскемен қалалары.**

Осы орайда, депозиттер бойынша төлемдердің жалғасып жатқанын «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларының естеріне саламыз. Депозит бойынша 5 миллион теңгеге дейін қалдықты алу үшін «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың бөлімшесіне бару қажет. Бөлімшелердің тізімімен www.kdif.kz сайтында немесе Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының шұғыл желі нөмірі 8 800 080 10 20 арқылы таныса аласыз.

«Банк ЦентрКредит» АҚ бөлімшесінде келесі құжаттарды көрсету қажет:

- жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы;
- мұрагерлер үшін – мұраға құқығын растайтын құжаттар;
- өкілдер үшін – нотариуспен расталған сенімхат;
- Сіздің талап құқығыңызды растайтын өзге де құжаттар, жағдайға байланысты.

Өтем «Банк ЦентрКредит» АҚ-на барлық растайтын құжаттарды өткізгеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей төлжетінін еске саламыз.

Депозит қалдығы туралы ақпаратты білу үшін Валют-Транзит Банк салымшылары келесі мекен-жай бойынша тарату комиссиясына хабарласа алады: Қарағанды қ. тарату комиссиясының бас кеңсесі, индекс 100000, Бұхар Жырау даңғылы, 51/1, тел. 8(7212) 996405.

Толығырақ ақпаратты ҚДКБҚ-ның шұғыл желі нөмірі арқылы 8 800 080 10 20 (Қазақстан бойынша қалалық нөмірлерден тегін) немесе агент банктің бөлімшелерінен алуға болады.

● ҚУАТТЫ БИЗНЕС – ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ

ҮЗДІК ТАУАР ИЕЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

Қостанайда "Қазақстанның үздік тауары-2015" өңірлік көрме-байқауының қорытындысы жарияланды. Бұл байқау осымен жетінші рет ұйымдастырылып отыр. Ондағы мақсат отандық тауарлардың сапасын арттырып, бәсекеге қабілетті ете түсу.

Маңызды іс-шара шеңберінде облыс тауар өндірушілерінің көрмесі ұйымдастырылды. Оған астықты өңірдің өндірісін өрге сүйреп жүрген кәсіпорындар өз өнімдерін әкеп қойды.

"Каменск-Уральск" ЖШС-і он төрт жылдан бері қымыз өндірісімен айналысып келеді. Бүгінде кәсіпорын шығаратын ұлттық сусын байтақ Қазақстанға танымал. Серіктестіктің технология Қалихан Әлмұхамбетовтың айтуынша, шаруашылық бүгінде елу бие байлап отырған көрінеді. Күніне 150 литр қымыз

ашытады. Бағасы да арзан. Қостанайдағы "Солнечный", Астық-жан" супермаркеттерінде "Каменск-Уральск" шығарған "Жайлау" шипалы сусындары 500 теңгеден сатылады.

– Қымыз ашытатын цехымыз түгел неміс қондырғысымен жабдықталған. Сапасы өте жоғары. Сондықтан, біз өз өнімдерімізді ұялмай саудаға шығара аламыз, – дейді Қалихан Әлмұхамбетов.

Жалпы, осы сияқты тауар өндіруші кәсіпорындардың бұл байқау-көрмеге алғаш рет қатысып отырғанын айта кеткен ләзім.



Солардың бірі – Рудныйдағы "Ақ барыс НГ" кеспе зауыты.

– Біздің кәсіпорын 2012 жылы құрылды. Қарамағымызда отыз

елдер арасында тауар айналымын ұлғайтуды көздеп отырмыз. Теңге еркін айналымға жіберілгені көңіліміз жайланды. Баға



адам еңбек етеді. Осыған дейін өндірген өнімдеріміз жатыңқырап қалатын. Қазір ондай мәселе жоқ. Еуразиялық одаққа мүше

бәсекелестігіне төтеп бере аламыз. Тіпті, соңғы күндері тапсырыстар көбейіп жатыр. Осыған қарап жағдайымыз жақсара түсе

тіндігіне сенімдіміз, – дейді "Ақ барыс НГ" кеспе зауытының директоры Александр Моисеенко.

"Қазақстанның үздік тауары-2015" өңірлік байқауына биыл он үш өнім өндіруші кәсіпорын өтініш білдіріпті. Олардың ішінде сегізін байқауға алғаш рет қатысып отыр. Конкурс жылдағыдай негізгі үш аталым бойынша ұйымдастырылды.

– Ең бастысы жеңіс емес. Бұл жерде отандық өнімдердің сапасын көтеруге аса мән беріп отырмыз. Сапа болған жерде сұраныс та жоғары. Өңірлік кезеңге өтудің өзі облыста белгілі бір сапаға қол жеткізгендігін білдіреді. Комиссия мүшелері өз істеріне аса жауапкершілікпен қарап, әр өтініш иесін мұқият сараптады. Мәселен, тауардың экспорттық әлеуеті қандай, жергілікті үлесі қанша, осының бәрі құжат жүзінде мұқият ескерілді, – деді "Атамекен" кәсіпкерлер Палатасы облыстық филиалы халықаралық қатынастар бөлімінің басшысы Роберт Юсупов.

Сонымен, "Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар" аталымы бойынша жүлделі бірінші орынды Қостанайдағы арматура шығаратын "ЕуразКаспианСталь" кәсіпорыны жеңіп алды. Ал "Халық тұтынатын ең үздік тауарлар" аталымында "СарыАркаАвтоПром" ЖШС-нің аты озды. "Ең үздік азық-түлік тауарлары" аталымы бойынша Рудныйдағы "Ақбарыс НГ" кеспе зауыты жеңімпаз деп танылды.

**Суреттерді түсірген
Айбек ЖҮЗБАЙ.**

● ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ

Жұмыскерлердің
құқығы
қорғалды

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

Жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау прокурорлардың басты назарына алынған. Қарабалық аудандық прокуратурасы ауданның кәсіпорындарында және ұйымдарында, еңбек қатынастары саласында күн сайын мониторинг жүргізуде. Бұл туралы облыстық прокуратурада өткен брифингте Қарабалық ауданының прокуроры Ермек Бақаев хабарлады.

– 2015 жылдың алты айында аудан прокуратурасы жүргізген тексеру кезінде еңбек заңнамасы бойынша 148 заңбұзушылықты анықтадық. Аудан бойынша 27,7 млн. теңге еңбекақы қарыз өтелді. Атқару қорытындысы бойынша 4 ұйғарым енгізіліп, 2 жұмыс беруші әкімшілік жауапкершілікке тартылды және 1 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. 313 азаматтың конституциялық құқығы қорғалды, – деді Қарабалық ауданының прокуроры Ермек Бақаев брифингте.

Мәселен, "Сана-Агро" жауапкершілік шектеулі серіктестігінің 105 жұмысшының алдындағы берешегі 3 155 998 теңгеге жеткен. Сондай-ақ, еңбек демалысы бойынша төленетін төлемақы 1 337 212 теңге. Тексеру кезінде аталған серіктестіктің барлығы 4 493 210 теңге қарызы бар екені анықталды. Берешекті өтеу мақсатында

2015 жылдың 12 наурызында аудан прокуратурасы аталған серіктестік директорына осы жылдың 17 наурызына дейін заң бұзушылықты жою туралы ұйғарым енгізді.

Еңбек заңнамасын бұзған "Сана-Агро" ЖШС басшылығы 40 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынып, ҚР ӘҚБК 87-бабы, 1-тармағы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Еңбек құқығы –
басты назарда

Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарына сәйкес, әрбір азаматтың еңбек еткені үшін сыйақы алу құқығы бар. Осы конституциялық норманың орындалуын қамтамасыз ету прокуратура органдарымен жүйелі түрде қадағаланып тұрады. Аманкелді ауданының прокуратурасы 2015 жылдың өткен кезеңіне еңбек туралы заңнаманың сақталуын тексеру кезінде "Аманкелді мал дәрігері" КМК-да тексеру жүргізіп, аталған мекеменің ақпан айы бойынша 54 қызметкердің 1 769 248 теңге жалақы қарызы бар екенін анықтады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, аудан прокуратурасы 17 наурызда "Аманкелді мал дәрігері" КМК директорының міндетін атқарушысы атына заңбұзушылықты жою туралы ұйғарым енгізіп, ол үстіміздегі жылдың 27 наурызына дейін толық өндіріп алынды. Сонымен, аудан прокуратурасының ықпал етуі нәтижесінде 54 азаматтың конституциялық құқығы қорғалды.



**Ерболат ТАСТАНБЕКОВ,
ҚР мемлекеттік қызмет істері және сы-
байлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
агенттігінің Қостанай облысы бойынша
департаментінің бөлім басшысы:**

"Б" корпусының
ерекшеліктері

кезеңде жеңімпаз анықталмаса, аталған бос лауазымға азаматтар арасында жалпы конкурс өткізіледі.

Бұл мемлекеттік қызметке түсуде конкурс комиссиясы жұмыстарының ашықтығы мен тиімділігін арттырады сөзсіз.

Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу, хабарландыру жариялау, конкурсқа қатысу үшін үміткерлердің құжаттарын жинау, тапсырылған құжаттардың бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарастыру, үміткерлермен әңгімелесу өткізу және өзге де бағалау формалары, конкурстық комиссияның шешімі сияқты талаптардан тұрады.

Осы орайда, өкілетті орган мемлекеттік қызметке үміткерлердің жеке және іскерлік қасиеттерін анықтау мақсатында әңгімелесу жүргізеді. Олардың кәсіби сәйкестілігіне қорытынды жасай отырып, бағалау нәтижесін шығарады. Нәтиже конкурстық комиссияның шешім қабылдауында негізге алынады.

"100 нақты қадам" Ұлттық жоспары негізінде енгізілетін өзгерістер мемлекеттік қызметке түсу және өткерудегі үрдістерде оң көрсеткіштерге қол жеткізетініне сенімдімін.

● БОЛАШАҚҚА 100 ҚАДАМ

Данияр ҮСЕНОВ,
мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
агенттігінің Қостанай облысы бойынша департамент басшысы



Мемлекеттік қызмет тиімділігінің қайнар көзі

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бес институционалды реформаны жүзеге асырудағы 100 нақты қадамы бүгінгі күні тек қана біздің мемлекет шеңберінде ғана емес, сонымен қатар шетелдерде де талқылануда. Беделді шетел сарапшылары бұл құжатты жоғары бағалады, сапалы стратегиялық бағдарлама екенін көрсетті.

Елбасының мемлекет алдына қойған міндеттері оңай болмағанымен, анық орындалуы тиіс. Реформалар аясында дамыған елдердің мемлекеттік басқаруының ең заманауи құралдары мен стандарттары енгізілген. Жоспар қоғам мен мемлекетке түбегейлі өзгерістер енгізеді. Олардың басты мақсаты жүйелі кеселдердің сыртқы белгілерін тегістеп қоймай, оның алдын алу.

Президент әлемнің 30 дамыған мемлекеттер қатарына кіру бағдарламасының басты міндеті – мемлекеттік аппаратты реформалау екендігін атап өтті. Ұсы-

нылған қадамдар ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмыстарды күшейту де бар. Осылайша, біздің агенттікте құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша арнайы бөлім құрылады. Аталған міндеттер ішінде барлық қызметшілерге, соның ішінде құқық қорғау салаларының қызметшілеріне де қатысты жаңа мемлекеттік қызмет туралы заң қабылданады. Бүгінгі таңда мемлекеттік мекемелердің қызметі айқындылық, ашықтық, ұстанымдары негізінде құрылған. Бұл қоғамның әкімшілік мемлекеттік қызмет және құқық қорғау ұйымдарының қызмет сапасын қадағалауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік қызметке шетелдік менеджерлер, жеке сектордың мамандары, халықаралық ұйымдардың қызметшілері болып табылатын Қазақстан азаматтары да кіреді. Бұл қадам біздің елдің мемлекеттік қызметін ашық әрі бәсекеге қабілетті етеді.

Қызметке жаңа келгендерге

сынақ мерзімін енгізу де үлкен рөл атқарады. Жоспарда көрсетілген формулаға сәйкес, әрбір адам сынақ мерзімі уақытында өзінің машықтары мен икемділігін көрсетуге мүмкіндік алады. Ал еңбек өтілі көп мамандар, біліктілігін үш жылда бір рет арттырып отырады. Бірінші қадамдарда көрсетілген еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі қызметшілерді жұмысқа ынталандырады деп ойлаймын. Осылайша, әрбір мемлекеттік қызметші өз қызметі нәтижелеріне байланысты қосымша көтерме ақы алады. Бұл жаңалық өз кезегінде жеке қызметші ретінде және барлық мемлекеттік мекеменің жұмыс сапасында оң нәтиже көрсетеді. Яғни, бұл жерде әркім өз жұмысына жауапты болады және өз міндеттерін тиісті орындауға қызығушылық танытады.

Жоспарды жүзеге асырудың жеке механизмі де қарастырылған. Оны жүзеге асырудағы елеулі жаңалық – ұлттық комис-

сияға қарасты шетелдік беделді сарапшылар қатарынан халықаралық кеңес құру болып табылады. Аталған комиссия мемлекеттік мекемелердің, бизнес-секторлардың және азаматтық қоғамның өзара сапалы қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Яғни, сіз бен біздің жұмысты екінші тарап бағалайды. Институт қазақстандық реформаның ашықтығын, оларға деген беделді, халықаралық ұйымдардың сенімін арттырады.

«100 нақты қадам» ұлт жоспарын орындау мемлекеттік басқарудағы серпіліс болады. Сондықтан, біз мемлекеттік қызмет өділ қазақстандық қоғамның үлгісі болуы үшін, барлық күш-жігерімізді саламыз. «100 нақты» қадам біздің мемлекетке қиын, сын кезеңнен сенімді өтуге беріктік беретінін Елбасы атап өтті. Біз бар еркімізді, қайраттылығымызды көрсетіп, қызметімізді қоғам алдына қойылған талаптарды орындауға бағыттауымыз керек.

Мемлекеттік қызмет – жауапты міндет

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Қостанайда мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру өңірлік орталығы облыстық әкімдікпен бірлесе қала және аудан әкімдерінің аппарат басшыларына арналған семинар өткізді. Аталмыш іс-шараның мақсаты мемлекеттік басқару теориясы мен практикасы бойынша заманауи базалық білім жүйесін қалыптастыру.

Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту елдің дамуындағы басым бағыттардың бірі. Кәсіби мемлекеттік аппарат құру туралы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында да айтылған.

Аталмыш семинар Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бес институттық реформасын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Үш күндік семинарға облысқа қарасты аудан, қалалардан мемлекеттік қызметшілер қатысты. Тыңдаушыларға мемлекеттік қызмет сапасын арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет сынды тақырыптар бойынша дәріс оқылды.

Семинардың қатысушысы Қанат Кеделбаев жеті жылдан бері Аманкелді ауданы әкімінің аппарат жетекшісі болып жұмыс істеуде. Лауазым иесінің айтуынша, ауданда мемлекеттік қызмет көрсету жұмыстары сапалы әрі уақытылы жүргізілуде. Азаматтар мемлекеттік қызметтің денін ХҚКО арқылы пайдаланады. Мұндай қызмет сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың оңтайлы жолы болмақ.

– Мемлекеттік қызметте заманға сай өзгерістер еніп жатыр. Соның ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға аса мән берілуде. Халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту да күн тәртібінде. Аталған



мәселелердің бәрі мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыра түседі, – деді Қанат Кеделбаев.

ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының профессоры Лейла Асылбекова мемлекеттік қызметшінің сырт келбеті, кәсіптік қарым-қатынас туралы қызықты тренинг өткізді.

– Жақсы басшы дегеніміз өзгенің қателігін бетіне баспайды, керісінше үйретеді, оқытады. Қызметкерді шабыттандырып, қолдап-қолпаштап отырады. Осы ойды қатысушыларға түсіндіру менің мақсатым, – дейді Л.Асылбекова.

СУРЕТТЕ: семинардан көрініс.

Бес институционалды реформаны талқылады

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

Бейсенбі күні қала әкімдігінің мәжіліс залында Елбасының бес институционалды реформасын жүзеге асырудың «100 нақты қадам» Ұлт жоспары талаптарын түсіндіру бойынша мемлекеттік органдарға арналған жиын өтті. Оған ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Б.Беспалинов, тәртіптік кеңестің хатшылық меңгерушісі Асхат Искендинов, департаменттің мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының жетекшісі Ә.Досекеновтер қатысты.

– Елбасы республикамыздың дамуын қамтамасыз ететін, қазақстандықтардың әл-ауқатын көтеруге бағытталған бес институционалды реформаны іске асыру жөнінде тапсырма бергені өздеріңізге мәлім. Олардың қатарында инвестициялық ахуалдың жақсаруы, орта және шағын бизнестің дамуы, бәсекеге қабілеттілік, жергілікті өзін-өзі басқару аясының кеңеюі, сот жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету бағытындағы алғышарттар бар. Бес реформаны жүзеге асыру үшін нақты 100 қадам белгіленді. Осы бағытта мем-

лекеттік қызметшілер қандай іс-шаралар атқаруы керек? Бүгінгі жиында осы мәселені талқылайтын боламыз, – деді өз сөзінде Берген Беспалинов.

Жиында департаменттің мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының жетекшісі Ә.Досекенов «Еңбек ақысын төлеудің факторлы-баллды көрсеткішін енгізу», «Мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру», «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды күшейту», «Мемлекеттік қызмет туралы» тақырыптарында баяндама жасап, кеңінен түсінік берді.

● МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Зейнетақы жүйесіндегі жаңалық

Жақында зейнетақымен қамсыздандыру заңнамасына бірқатар толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Осыған орай, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы облыстық филиалының директоры Гүлсім Хасанова түсінік берді.

Шұға ҚОҢҚАБАИ

– Гүлсім Жұманғалиқызы, елімізде зейнетақы жүйесінде бірқатар өзгерістер енгені белгілі. Осы жөнінде оқырмандарға толығырақ айтып берсеңіз?

– Үстіміздегі жылдың 2 тамызында Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаев "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заңға қол қойды. Осыған орай, 2017 жылғы 1 шілденінен бастап базалық зейнетақы тағайындау тәртібі өзгереді. Базалық зейнетақы азаматтарға бұрынғыдай зейнеткерлік жасқа жеткен кезде тағайындалады. Бірақ зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты (зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі – 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілі және міндетті зейнетақы жарналарын төлеудегі нақты өтілі) тағайындалады. Мәселен, егер азаматтың зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жыл болған жағдайда, базалық зейнетақының мөлшері ең төменгі күнкеріс деңгейінің 50%-ын құрайды. Он жылдан артық әрбір жыл үшін оның мөлшері 2%-ға арттырылып отырады, қатысу өтілі 35 және одан көп болған жағдайда ең төменгі күнкеріс деңгейінің 100%-ына тең болады.

2017 жылғы 1-шілдеден бастап

қазіргі зейнеткерлердің зейнетақы істеріндегі құжаттардың негізінде базалық зейнетақы қайта есептеледі. Аталған норманы іске асыру үшін зейнеткерлерден ешқандай құжаттар талап етілмейді. Бәрі автоматты түрде жүзеге асырылады. Қазір Қостанай облысы бойынша зейнеткерлердің саны 120 мыңнан асады. Бұл өзгерістер бір жағынан, еңбек өтілі көп болғанымен, табыстары туралы мәліметтердің болмауы себепті төмен мөлшерде зейнетақы алатын зейнеткерлерге қатысты әлеуметтік әділдік орнатуға, екінші жағынан, бүгінгі және болашақ қызметкерлер буынын еңбек қатынастарын заңдастыруды ынталандыруға мүмкіндік береді.

– 2018 жылдан бастап зейнетақы жүйесінің жаңа шартты-жинақтаушы құрамдауышын енгізеді дедіңіз? Бұл қалай болады?

– Заңға енгізілген өзгерістердің бірі – 2018 жылдың қаңтарынан бастап жұмыс берушінің қосымша бес пайыздық міндетті зейнетақы жарналарын (ЖМЗЖ) белгілеу есебінен зейнетақы жүйесінің жаңа шартты-жинақтаушы құрамдауышын енгізу.

Жұмыс беруші өз қаражаты есебінен бес пайыздық міндетті зейнетақы жарналарын аударған қызметкерлер шартты-жинақтаушы құрамдауыштың қатысушылары болып табылады. Бұл жарналар азаматтардың меншігі болып саналмайды және әрбір қызметкердің

"БЖЗҚ" (Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры) ашылған шартты зейнетақы шотында тіркелетін болады. ЖМЗЖ есебінен зейнетақы төлемдеріне құқық атына шартты зейнетақы шоты ашылып, кемінде 60 айға жарналар аударылған жағдайда зейнеткерлік жасқа жеткен адамдарға, сондай-ақ мерзімсіз болып белгіленген бірінші және екінші топтағы мүгедектерге беріледі. ЖМЗЖ есебінен зейнетақы төлемдері өмір бойы төленеді және мұраға қалдырылмайды. Зейнетақылардың мөлшері жыл сайын "БЖЗҚ" экономикалық мүмкіндіктеріне және демографиялық көрсеткіштеріне қарай индекстелетін болады.

– Жалпы азаматтардың зейнетақы төлемдері қалай іске асырылады? Оқырмандарға түсінікті болу үшін таратып айтып берсеңіз.

– Жалпы ұсынылып отырған өзгерістер нәтижесінде азаматтардың зейнетақы төлемдері мынадай бөліктерден тұрады: зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты тағайындалатын базалық зейнетақы төлемі, 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін кемінде алты ай еңбек өтілі бар адамдарға орталықтан төленетін зейнетақы төлемі, БЖЗҚ-дан: қызметкердің жеке 10 пайыз міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің қосымша 5 пайыздық зейнетақы жарналары, 5 пайыздық міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (еңбек жағдайлары



зиянды жұмыстармен айналысатын) (2023 жылдан бастап) есебінен зейнетақы төлемдері, ерікті зейнетақы жинақтары. Бұл жаңашылдық елімізде зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру мақсатында жүзеге асырылып отыр. Азаматтардың зейнеткерлік жаста лайықты өмір сүруі үшін зейнетақы төлемдерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, тағы да бір айта кететін жайт, зейнетақы және жәрдемақыларын мына тұлғаларға тегін және үйіне апарып беріледі. Олар – Ұлы Отан соғысының мүгедектері және қатысушылары, сексен жасқа жеткен тұлғалар, бірінші топтағы мүгедектер, бөгде адамның күтіміне мұқтаж және денсаулық

жағдайы бойынша зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымға бара алмайтыны туралы медициналық қорытындысы бар тұлғалар. Зейнетақы және жәрдемақы сомаларын үйге апарып беруді жүзеге асыру үшін "Қазпошта" АҚ-да дербес шотты ашып, тұрғылықты мекенжайы бойынша ЗТМО бөлімшесіне шотты ашу туралы хабарлама, жеке күнелік және мекенжай анықтамасын қоса ұсыну қажет. Аталған тұлғаларға зейнетақы және жәрдемақыны үйге дейін апарып беру мәселесі бойынша ЗТМО Қостанай облыстық филиалының сенім телефоны: **99-08-07** арқылы хабарласуына болады.

СУРЕТТЕ: Гүлсім Хасанова.

● ЖЕҢІС ТОЙЫН ТОЙЛАДЫҚ...

*Айтылмаған әңгіме***Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ**

Республикалық "Мектепке жол" акциясына Мұхтасиф Әл-мұхамед молла атындағы Арқалық қалалық мешіті де ат салысып, әлеуметтік көмекті қажет ететін 33 балаға 300 мың теңгенің киім-кешек, оқу құралдарын әперді.

№12 аз қамтылған отбасыларға арналған жатақханада өткен қайырымдылық шарасында қалалық қосымша білім беру орталығының басшысы З.Латыпова дін өкілдеріне алғысын білдіріп, мектеп табалдырғын алғаш аттағалы отырған жас балғындар ән-тақпақтарын айтып, би билеп берді.

– Ізгілікті ғамалдар жасау – пайғамбарымыз Мұхамед с.ғ. с сүннеті. "Жақсылық жасасаң балаға жаса" деген. Жыл сайын осы шараға қатысып, хал-қадерімізше қайырымдылық істерін өткізуді дәстүрге айналдырып келеміз, – дейді қалалық мешіттің бас имамы Бектұрсын қажы Торғайбайұлы.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Дін өкілдері қайырымдылық шарасында. Суретті түсірген автор.

**Қымбат ДОСЖАНОВА**

Биыл жарты әлем Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын ерекше атап өтті. Жеңіс тойына арналған іс-шаралар әлі де жалғасуда. Мерейтойға орай соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне барынша сый-құрмет жасалды. Жаңа жыл қарсаңындағы Елбасының құттықтау хаттарын қосыңыз. Майдангерлердің ерліктері газет-журнал, телеарналар арқылы айтылып, насихатталды. Қысқасы, ешкім де, ештеңе де ескерусіз қалған жоқ. Бірақ... Бірақ біз ардагердің өзгеше өмірін баяндамақпыз.

Ұлы Отан соғысының ардагері Нүркен Жалмұхамедов Жезқазған облысының тумасы. Алты айлығында әке-шешесінен жетім қалып, балалар үйінде тәрбиеленген. 1936 жылы Қостанай педагогикалық училищесін бітіріп, арнайы орта білім алып шығады. Федоров ауданында мұғалім болып жүрген кезінде әскер қатарына алынады. Артынша соғыс басталып, Финляндияның солтүстік шекарасын қорғауға қатысады. Ардагердің 1939-1945 жылдар аралығында бастан кешкен қиындықтарын айтып жеткізе алмаспыз. Бізге тиесілісі қарияның бүгінгі өмірін баяндау. Ардагер қазір Қостанай қаласында тұрады. Жалғыз емес, кіші қызының

қолында. Тоғыз баласы өз алдына шаңырақ көтергелі қашан. Төрт ұлы жарық дүниеден озып, қыздары ғана қалды. Қарт көңілге балаларының артынан қалған немере-шөберелері жұбаныш.

Майдангерге ҰОС-ның ардагері ретінде баспана берілмеген. Ардагердің балалары үй іздеп есік жағаламады да. Жүріп-тұруы күн сайын қиындап бара жатқан әкені кіші қызы қолына алды. Күйеу баласы мен қызы үйді ипотекаға алғанын айта кетейік.

Былтыр ардагердің үйіне бір топ жергілікті билік өкілдері барады. Басшылар майдангерді бағып отырған қызын әлеуметтік қызметкер ретінде тіркейміз деген. Бірақ әлі күнге еш хабар жоқ.

Майдангердің келіні Зоя Райханқызының айтуынша, биылғы 9 мамыр қарсаңында бейтаныс ұйымнан хабарласып, "Атаны мерекемен құттықтаймыз, ол кісіге не сыйлайық?" деп сұрапты. Сұраққа жауап беру парыз. "Ортопедиялық матрас керек" дегені сол-ақ екен телефонның ар жағындағы бейтаныс "Жоқ, біз ондай бағалы затты апара алмаймыз. Бізге ақшаны аз бөледі" дейді. Әлгілер "Атаның өзі ғана пайдаланатын бір затты айтыңыз" деп табандап тұрып алмасы бар ма. Сонымен ардагерге қан қысымын өлшейтін құрал сыйлайды. Оған қоса екі дорба азық-түлік бар. Келіні Зояның айтуынша, азық-түліктің пайдалану мерзімі өтіп кеткен. Сондай-ақ, шұжық (қолбаса), қақталған ірімшікті (сыр) жасы келген кісінің жемейтіні тағы бар.

Нүркен атайдың балалары осы мәселенің соңына түсіп, жаман атты болғысы келмейді. Бар болғаны ардагерлерге шынайы көңілмен құрмет көрсетілсе деген тілек қана.

Мұның бәрі ұсақ-түйек не болмаса жел сөзді қуу деменіз. Бұл да ардагер өмірінің көлеңкелі тұстары емес пе?! Иә, бұл айтылмаған әңгіме.

● КОНСТИТУЦИЯҒА – 20 ЖЫЛ

Мемлекеттің
ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТЫ

Өтеген ИСЕНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының доценті.

Конституция осы заманғы мемлекеттіліктің маңызды белгісі, мемлекеттің бастапқы саяси және құқықтық құжаты болып табылады. Қазіргі кезде Парсы шығанағындағы кейбір абсолютті монархияларда (Сауд Арабиясында, Оманда) ғана конституция жоқ. Мемлекеттің барлық басқа заңдары оның қағидаларына барынша сәйкестендіріле отырып қабылданады.

Қазақстанда 1991 жылдың 16-шы желтоқсанында "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" конституциялық заңы қабылданды. Онда қазақ ұлты бірінші рет тарихи, саяси аренаға көтерілді. "Қазақ ұлты республиканың ортақ тарихи тағдыры біріктірілген барлық ұлттарының азаматтарымен бірге Қазақстан Республикасындағы егемендіктің бірден-бір қолдаушысы және қайнар көзі болып табылатын біртұтас Қазақстан халқын құрады, мемлекеттік билікті тікелей, сонымен бірге өкілетті органдары арқылы жүзеге асырады" – деп жария еткен [Қазақстан Республикасы Конституциясы, 1995. – 6-бап]. Мұндай анықтаманың қазақ ұлтының тағдырында тарихи мәні бар. Заң 150 жылдан кейін бірінші рет бүкіл әлемнің алдында қазақ ұлтының егемендікке ие болуына негіз болды. Мемлекеттік нысаны туралы халықаралық қатынастарда ең маңызды мәселе қатарына айналған, бірақ аталған Ата заңымыздың баптарына сай мемлекетіміз қандай бағыттағы нысанын ұстанатынын айқындап алды.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда XII шақырылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданды. Ол кіріспеден, 4 бөлімнен, 21 тараудан және 131 баптан тұрады. Конституция Қазақстан мемлекеттік егемендігін алған сәттен бергі көптеген құқықтық нормаларды: халықтың егемендік, мемлекет тәуелсіздігі, билікті бөлісу принципі, қазақ тілін мемлекеттік деп тану, Президентті мемлекет басшысы деп тану, сот органдары – Жоғарғы, Конституциялық және Жоғарғы Арбитраждық соттар және басқаларды қамтыды. 1993 жылғы конституция негізіне парламенттік республика моделі алынды.

1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша Президент мемлекет басшысы және атқарушы биліктің бірыңғай жүйесі мәртебесіне ие болды. Мұның ерекшелігі, Қазақстанда Президент

мәртебесіне қарай атқарушы биліктің қызметін атқармайды. Бірақ шын мәнісінде президенттік билік атқарушы билікке жататын еді. 1993 жылғы Конституция бойынша Үкімет басшысын, сондай-ақ оның орынбасарларын, министрлер және ведомствалардың басшыларын Жоғарғы Кеңестің келісімімен Президент бекітетін. Конституцияның құрылымында Жоғарғы Кеңес туралы тарау Президент туралы тараудың алдында тұрды. Бұл жоғарғы өкілеттік органның мемлекеттік сатыдан жоғары тұрғанын көрсетеді, мұның өзі мемлекеттік иерархияда жоғарғы өкілетті органның белгілі дәрежеде үстемдігін көрсетті. "Мемлекет және оның органдары мен институттары" атты ережеде Қазақстанның халқының атынан сөйлеу құқығы тек қана Жоғарғы Кеңес пен Президентке тән деп көрсетілген. Экономика-



лық салада жерді жекеменшікке беруге тыйым салынған. Кеңестік және тәуелсіз Қазақстанның құқықтық жүйелерінің арасында сабақтастық болды. Ол заңды еді. Себебі тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде Қазақстанға кеңестік құқықтық жүйе мұра болып қалды. Алайда елдегі жағдай тез өзгеріп, қазіргі заманның құқықтық институттары мен нормаларына енгізуге жол ашылды. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы мемлекеттің тәуелсіздігін заңды түрде рәсімдеді, халықаралық қауымдастыққа Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде танытты, біздің қоғамға жаңадан енген кейбір институттарды қоғамдық, саяси және құқықтық салаларда бекітті, сөйтіп сол кезеңдегі үш негізгі міндетті шешті. Бірақ іс жүзінде 1993 жылғы қабылданған Конституцияның Қазақстандағы шынайы әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістерден алшақтығы мемлекет тұрғындарының тіл мәселесі, меншік нысандары, жерге, азаматтыққа, мемлекеттік сипатына қатысты сәйкессіздіктерін туындатты. Негізгі заңда атқарушы және заң шығарушы биліктердің арасындағы келіспеушіліктерді шешетін тетіктер болмады. Әсіресе, мемлекеттік билік тармақтарының арасындағы қайшылық күшейе түсті. Үкіметтің биліктен кетуімен жалғасқан парламенттік дағдарыс, атқарушы биліктің дәріменсіздігін күшейтіп, мемлекеттік биліктің тұрақтылығына, мемлекетті басқарудың мүдделеріне қауіп төндірді. Осы себептерге байланысты 1993 жылғы Конституцияны қайта қарау және жаңа Конституцияның қажеттілігі туралы пікір туындады.

Ал, 1995 жылы 30 тамызда өткізілген бүкілхалықтық референдум нәтижесінде мемлекет тәуелсіздігі шарттарын қорғайтын Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды және 5

қыркүйек күні заңды күшіне енді. Оның жобасын талқылау тұсында отандастардан 30 мыңға жуық ұсыныстар түсіп, арнаулы сарапшылық – консультациялық кеңес оларды зерделеген. Мәтінді пысықтау кезінде мыңнан астам түзету ескерілді, осының нәтижесінде Конституция жобасының 99 бабының 55-і елеулі өзгерістерге ұшыраған. Нәтижесінде, 1995 жылғы 30 тамызда референдумға қатысқан халықтың 81, 9 пайызы жаңа Негізгі Заңды қолдап дауыс берді. Дауыс беру еліміздің қалалары мен ауылдарындағы 10253 сайлау учаскелерінде жүрді.

Республика Конституциясы заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарының тұрақтылығын, тиімді жұмыс істеуін және өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін билікті бөлу принципін жай ғана жариялап қойған жоқ – онда тежемелік пен тепе-теңдіктің нақты жүйесі баянды етілді. Негізгі Заң адамның жоғары құндылықтары ретінде оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын бекітті.

Қазіргі қолданыстағы конституциялық заңдардың қағидаларын тұжырымдап, бір арнаға келтірген Ата Заң, яғни мемлекетіміздің Негізгі Заңы болып қабылданды. Ол кіріспеден және 9 бөлімнен (98 баптан) тұрады. Сонымен қорыта келе, 1995 жылғы Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы оның мазмұнының сапасында еді. Жоғарғы Кеңес ескі және жаңа саяси құрылыстың өзіндік тұрғыда ымыраға келуінің, ғасырлар бойы құрылған әлемдік өркениет демократиясының үлгісін посткеңестік кеңістікте енгізудің нышаны болған 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы әуел бастан-ақ қайшылыққа толы болатын.

Бұл – бір.

Екіншіден, жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енді. Ол бойынша Қазақстан Республикасының Президенті саяси жүйенің басты тұлғасы болып табылады, билік тармақтарынан жоғары тұрады. Бұл президенттік басқару жүйесіндегі мемлекетке сай келеді. Қазақстан Республикасының бүгінгі қолданыстағы Конституциясы елімізде азаматтық қоғам институттарын орнатудың барлық құқықтық құрылымдарын орнықтыруға толығымен мүмкіндік берді.

Үшіншіден, Қазақстан Республикасының Конституциясы конституциялық заңдардың қағидаларын тұжырымдап, бір арнаға келтірген Ата Заң, яғни мемлекетіміздің Негізгі Заңы болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы – Ата заңымыз ұлттық және халықтық егемендіктің орнығуын, мемлекеттің демократиялануының көрінісі, құқықтық пен зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуына кепілдік берген, азаматтық қоғам институттарының қызмет етуіне үлес қосқан нормативтік құқықтық акт.

Төртіншіден, 1995 жылы бұл күні республикалық референдумда бұрынғы мемлекеттік құрылыстың кемшіліктерін жойған Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды, оған сәйкес ҚР президенттік басқару нысанындағы мемлекет болып жарияланды, ал 30 тамыз мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні болып жарияланды.

Сапабек ХАМИТОВ,
"Темте" ЖШС директоры:

"Зор жауапкершілікке жетелейді"

Еліміздің Ата Заңы Қазақстан аумағында тұрып жатқан әрбір азаматқа бірдей мүмкіндік береді. Оның ішінде ауылшаруашылығы саласында еңбек етіп жүрген біздің құқықтарымыз да жан-жақты қарастырылған. ҚР Конституциясының: "Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады", – деген бап бар. Шынында да, бұл барша кәсіп иелеріне үлкен міндет жүктейді. Еліміздегі кез келген жеке шаруашылықтар кішігірім мемлекет іспеттес. Қарамағындағы мүлікке, оған қызмет ететін адамдардың құқықтарының тапталмауына тікелей жауапты. Ал, осы сияқты жүздеген, тіпті, мыңдап саналатын жеке меншік иелерін қорғауға Конституциямыздың кепіл болуы біздерді зор жауапкершілікке жетелейді.

2006 жылы Алтынсарин ауданының Шербаков ауылынан 15 мың гектар жер алған болатынбыз. Сол жерлерге жылда егін егеміз. Биылдың өзінде 13 мың гектарға дән септік. Қалған 2000 мың гектар алқапты парға қалдырдық. Техника да сайлы. 15 комбайн, 12 К-700, 1 егін себетін көшеніміз бар. Оның үстіне 9 мың гектар жайылымға иелік етіп отырмыз. Ондағы мақсат – мал шаруашылығын дамытуға шама-шарқымызша үлес қосып, еліміздің дамуына ықпал етсек деген ой. Бүгінде қарамағымызда 700 жылқы, 200 қара мал, 1000 қой күтімде. Біздің шаруашылық малды өз төлінен көбейтуге аса дән қойған. Сондай-ақ, мал басын асылдандыру арқылы кәсібімізді одан әрі ширата түссек дейміз. Мұның бәрі сайып келгенде ел экономикасының дамуына тың серпін берері даусыз. Мәселен, халықты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етуде мал шаруашылығының маңызы зор. Ал, сол шаруашылықтарға иелік етіп отырған біз сияқты кәсіпкерлер өз істеріне немқұрайлы қараса, жаңа технологияларға жүгінбесе, онда еткен еңбекті зая кетті дей беріңіз. "Темте" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде 70-тен астам адам тұрақты еңбек етеді. Олардың алаңсыз жұмыс істеуі үшін, лайықты жағдай туғызып, әр еңбеккердің табысын молайта түсуіне айрықша мән береміз. Ымыра мен бірлік бар жерде – береке бар. Бірлігі жарасқан ел ғана өрісін кеңейте алады. Біздің ұстанған қағидамыз осы.

Жалпы, қоғамның ең басты құндылығы-адам десек, сол қоғамды құрушы адамзат баласына, оның ішінде еліміздің аумағында тұрып жатқан әрбір азаматқа Ұлы мәртебелі Конституциямыз үлкен мүмкіндіктер беріп отыр. "Қол қусырып қарап отырма, кәсіп ет, шаруашылығыңды дамыт, еліңе қызмет ет!" – дейді. Түсіне білген жанға бұл ерекше қамқорлық. Сондықтан, Ата Заңымыз Алаш баласына адал қызмет етіп жатыр деп есептеймін.

Алтынсарин ауданы.

"Мерекені қарызсыз өткізейік!"

Конституция – бұл бәрінен қымбат, бәрінен асыл дүниеміздей заңымызды ардақтаудағы игі қадам. Қоғамдық татулық пен ұлттар тұтастығын сақтауда да Ата заңымыздың маңызы айтарлықтай. Осы мереке қарсаңында заң орындаушы сот органдарының үнсіз қалуы мүмкін емес. Себебі, сот орындаушыларының өмірінде Ата заңның орны ерекше. Біз өз жұмысымызда осы Ата заңға сүйенеміз. Содан кейін Конституцияға сәйкес елімізде қабылданған заңдарды басшылыққа аламыз.

Мереке қарсаңында біздің бөлім "Мерекені қарызсыз өткізейік" деген атаумен акция өткізді. Іс-шараның басты мақсаты – азаматтарға қызмет ұсынушылары алдындағы коммуналдық қызметтер, мемлекеттік баж салықтары, көлік салығы, алимент, айыппұлдар бойынша қарызын уақытылы төлеу қажеттілігі туралы ақпараттандыру болып табылады. Аталған акция аясында біздің мамандар күн сайын борышкерлердің тұрғылықты мекенжайларына барып, оларға мойындарындағы қарызды уақытылы өтеуін, ал өтемеген жағдайда әкімшілік, тіпті қылмыстық жауапқа тартылатыны туралы айтып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Акция қыркүйек айында да жалғасын табады.

Индира СМАҒҰЛОВА,
Қостанай ауданының сот актілерін орындау бойынша аумақтық бөлімінің сот орындаушысы.



(Телебағдарламаның соңы).

3 қыркүйек, бейсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Жарық". 10.50 Айтуға оңай. 11.35 "Сырғалым". 12.30 Жаңалықтар. 12.45 Ағ-робизнес. 13.10 Журналистік зерттеу. 13.35 "Шетелдегі қазақ балалары". 14.25 М.ф. 15.00 Әйел бақыты. 16.10 "Жүрегім сізге аманат". 17.05 "Ұлы дала дүбірі". 17.30 Жаңалықтар. 17.50 Әуежарды. 18.10 Көк тарландары. 19.00 Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. 19.30 "Қызыл сарайдағы түс". 20.30 Жаңалықтар. 20.05 Айтуға оңай. 21.50 "Жарық". 22.40 "Жүрегім сізге аманат". 23.40 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 0.10 Индустрияландыру: ұлттық өндіріс.

ХАБАР

7.00 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Верь мне". 11.00 Новости. 11.10 "Әр үйдің сыры басқа". 11.45 Магия кухни. 12.20 М.с. 13.00 Жаңалықтар. 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Семейные ме-

подрамы". 14.00 "Женский доктор". 15.00 Новости. 15.15 Біздің үй. 16.00 Өмір сабақтары. 16.30 "Күн сақшылары". 17.00 Жаңалықтар. 17.15 Нүкте. 18.00 Новости. 18.15 "Сұлтан Сүлейман". 19.10 Жекпе-жек. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Сильные духом. 21.00 Итоги дня. 21.30 "Верь мне". 22.25 "След". 23.10 Көзқарас. 0.10 Жаңалықтар.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Жаңалықтар. 9.30 Регион'10. 10.00 Новости. 10.35 "Маруся". 11.25, 12.25, 13.55, 15.05, 17.25, 18.25, 22.30, 23.55 Телемаркет. 11.30 Дербес диалог. 12.00 М.с. 12.30 Әуендер әлемі. 13.00 Жаңалықтар. 14.00 "Болашақ". 15.15 "Сөнбес сәуле". 16.00 "Учитель". 17.00 "Кең ауқымда". 17.50 Жаңалықтар. 18.10 Третий тайм. 18.25 Новости. 18.55 Әуендер әлемі. 19.30 Первая студия. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Интонация. 21.00 Новости. 21.35 "Маруся". 22.55 "Учитель". 0.00 Жаңалықтар.

АСТАНА

7.00 "20:30". 7.30 Жаңалықтар. 8.00 Әзілстан. 8.30 Такси. 9.00 "Өмірші әйел". 10.30 "Фериха". 11.30 "Мадхубала". 13.10 М.ф. 14.10 "Котовский". 15.15 "Өмірші әйел". 16.35 Kaznet. 17.30 "Фериха". 18.30 "Мадхубала". 20.30 "20:30". 21.00 Astana live. 21.45 "Фериха". 22.45 "Ғашық жігіт". 0.05 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Қайырлы таң. 9.20 TED: Идеи, достойные распространения. 10.10 Фильм-ертегілер. 10.25 "Морган Фриман: уақыт пен кеңістікке саяхат". 11.30 "Великие тайны великих людей". 12.05 TED: Таратуға тұрарлық идеялар. 13.00 Өнертапқыш. 14.30 Әдебиет әлемі. 15.00 "Доктор Живаго". 16.05 TED: Идеи, достойные распространения. 17.00 "Морган Фриман: уақыт пен кеңістікке саяхат". 18.05 Бүгінгі ғылым. 19.05 TED: Таратуға тұрарлық идеялар. 19.30 Кітапхана. 20.30 Жасампаз ғылым". 21.20 Лови момент. 22.00 Тағдырлы хаттар. 22.50 "Кармен".

0.00 "Доктор Живаго".

НТК

6.50 Жұлдыздар шеруі. 7.30 Тематик-шоу. 8.15 Екі езу. 9.00 Мистические истории. 10.00 Ревю. 10.25 "Универ". 11.00 "Интерны". 11.30 Однажды в России. 12.00 "Вузеры". 12.30 М.с. 16.15 Күлкі ойнақ. 16.40 "Кек". 18.00 Күлкі базар. 19.00 "Вузеры". 19.30 Камеди Клаб. 20.30 Ревю. 21.00 "Универ". 21.30 "Интерны". 22.00 Однажды в России. 22.30 Ревю. 23.00 "Кек". 0.30 Х.ф. "Предатель".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Сайқымазақтар. Жасырын камера. 8.30 Күнбастар. 9.00 М.ф. 9.10 Фабрика звезд. 10.00 О самом главном. 11.00 Сметаться разрешается. 12.00 Гоктың сән әлемі. 13.00 Қорқыныш факторы. 14.00 Сайқымазақтар. Жасырын камера. 15.00 "Гадалка". 16.00 Т.с. "Брак по завещанию". 17.00 Человек-невидимка. 18.00 "Арам ақша. Адал махаббат". 19.00 Үзілген жапырақтар. 21.00 Человек-невидимка. 22.00 "Сек-

Живаго".

НТК

6.50 Жұлдыздар шеруі. 7.30 Тематик-шоу. 8.15 Екі езу. 9.00 Мистические истории. 10.00 Ревю. 10.25 "Универ". 11.00 "Интерны". 11.30 Однажды в России. 12.00 "Вузеры". 12.30 М.с. 16.15 Күлкі ойнақ. 16.40 "Кек". 18.00 Күлкі базар. 19.00 "Вузеры". 19.30 Камеди Клаб. 20.30 Ревю. 21.00 "Универ". 21.30 "Интерны". 22.00 Однажды в России. 22.30 Ревю. 23.00 "Кек". 0.30 Х.ф. "Близнецы".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Сайқымазақтар. Жасырын камера. 8.30 Күнбастар. 9.00 М.ф. 9.10 Фабрика звезд. 10.00 О самом главном. 11.00 Икона стиля. 12.00 Гоктың сән әлемі. 13.00 Қорқыныш факторы. 14.00 Сайқымазақтар. Жасырын камера. 15.00 Измайловский парк. 17.00 Блокбастеры. 18.00 Концерт. 20.30 Айна онлайн. 21.00 Человек-невидимка. 22.00 Хочу к Меладзе. 23.40 ШоумаСтгоуон.

дочка". 18.00 Х.ф. "Доспехи бога 3: Миссия "Зодиак". 20.30 Ала қарға. 21.20 Күлкі базар. 21.45 Тематик-шоу. 23.10 Х.ф. "Полутчик".

7 АРНА

8.00 Шебербек ағай. 9.00 Орел и решка. 10.00 Страсти у плиты. 10.00 Смейтятся разрешается. 12.00 К.ф. "Тапанша". 12.30 Q-елі. 15.00 Х.ф. "Арифметика подлости". 17.00 Концерт. 18.00 Q-елі. 18.30 Айна онлайн. 19.00 Сайқымазақтар. Жасырын камера. 20.30 Х.ф. "Пятый элемент". 23.00 Бокс. 0.00 "Секретные материалы".

31 АРНА

6.00 Әзіл студия. 7.00 М.ф. 8.00 "Сүйген сұлу". 9.00 Х.ф. "Лицензия на брак". 11.00 "Готовим с Адель". 10.30 Ералаш. 12.30 М.ф. 13.00 Х.ф. "Севгинатор". 16.00 М.ф. "Рэтчет и Кланк". 18.00 Х.ф. "Спайдервие: Хро-

ведь". 12.30 Х.ф. "Доспехи бога 3: Миссия "Зодиак". 15.00 М.х. 17.15 Күлкі базар. 18.00 Х.ф. "1408". 20.00 Экстрасенсы ведут расследование. 21.00 Ала қарға. 22.20 Тематик-шоу. 23.20 Күлкі базар. 0.00 Танцы.

7 АРНА

08.00 Шебербек ағай. 9.00 Сви-детели. 9.30 Моя история. 10.00 Измайловский парк. 12.00 К.ф. "Мумбайдың әлегі". 14.15 "Жас Дидар". 15.00 Х.ф. "Два билета в Венецию". 17.00 Блокбастеры. 18.00 Концерт Беркута. 20.00 Q-елі. 20.30 Айна онлайн. 21.00 Хочу к Меладзе. 22.40 Х.ф. "Васаби". 0.30 "Секретные материалы".

31 АРНА

6.00 Әзіл студия. 7.00 "Сүйген сұлу". 9.00 Х.ф. "Севгинатор".

ретные материалы". 23.00 "Игра престолов". 0.00 Фактор страха.

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 Әзіл студия. 8.00 "Сүйген сұлу". 9.00 "Әкетай". 10.00 "Счастливы вместе". 11.00 "Воронины". 13.00 Мультсериалы. 14.00 "Алғашқы махаббат". 15.00 "Әкетай". 16.00 "Сен келерсің". 17.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 18.00 "Воронины". 20.00 Информбюро. 21.00 "Сүйген сұлу". 22.00 "Сен келерсің". 23.00 "Алғашқы махаббат". 00.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 1.00 Х.ф. "Час расплаты". 3.00 Х.ф. "На глубине морской 3D".

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 Винтаж. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Көкейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Жаркий лед". 14.00 Группа здоровья. 14.25 Қылмыстық іс №. 14.35 Легенды эфира. 15.00 "Госпожа горничная". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 М.ф. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Безопасная дорога. 20.00 РТН. 20.30 ПроАгро. 21.00

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 Әзіл студия. 8.00 "Сүйген сұлу". 9.00 "Әкетай". 10.00 "Счастливы вместе". 11.00 "Воронины". 13.00 Мультсериалы. 14.00 "Алғашқы махаббат". 15.00 "Әкетай". 16.00 "Сен келерсің". 17.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 18.00 "Воронины". 20.00 Информбюро. 21.00 "Сүйген сұлу". 22.00 "Сен келерсің". 23.00 "Алғашқы махаббат". 00.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 1.00 Х.ф. "Форрест Гамп". 3.00 Х.ф. "Скуби-Ду 3: Тайна начинается".

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 ПроАгро. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Көкейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Жаркий лед". 14.00 В ладу с природой. 14.25 Торговый дом. 14.45 Маленькие путешествия по большому краю. 15.00 "Госпожа горничная". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 М.ф. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Тәуелсіз елдің тулғалары. 20.00 РТН. 20.30 Группа здоровья. 21.00 "Жар-

ники". 20.00 "Сүйген сұлу". 22.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 23.00 Х.ф. "Трансформеры: Эпоха истребления". 2.00 Х.ф. "Смертельная битва 2: Истребление".

АЛАУ

7.30 М.ф. 8.20 Жаңалықтар. 9.00 РТН. 9.30 Киноклуб. 10.20 Неизведанный Казахстан. 10.50 Группа здоровья. 11.10 Монстр-мания. 14.00 К.ф. "Жесірлер". 16.00 ПроАгро. 16.30 Қазақстан байтақ өлке. 17.00 Тет-а-тет. 17.30 Жұлдыз-топ. 18.30 Қауіпсіз жол. 19.00 Қылмыстық іс №. 19.30 Baby Гид. 20.00 РТН Подробности. 20.50 Винтаж. 21.30 Солнечная кухня. 22.00 Легенды эфира. 22.30 Б. Сәмединова. 0.00 Панорама недели.

ЕВРАЗИЯ

6.00 Т.х. "Шпионские игры". 6.45

11.30 Х.ф. "Спайдервие: Хроники". 13.30 Х.ф. "Трансформеры: Эпоха истребления". 17.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 20.00 "Сүйген сұлу". 22.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 23.00 Х.ф. "Шоу Трумана". 1.00 Х.ф. "Изо всех сил".

АЛАУ

7.00 М.ф. 9.00 Неизведанный Казахстан. 10.00 Торговый дом. 10.20 Baby Гид. 10.50 В ладу с природой. 11.10 Легенды эфира. 11.30 Солнечная кухня. 12.00 ПроАгро. 12.30 РТН Подробности. 13.20 Винтаж. 14.00 "Қоңыр" шығармашылық кеші. 16.00 Жұлдыз-топ. 17.00 Монстр-мания. 20.30 Тет-а-тет. 21.00 Қоғам және әйел. 21.30 Тәуелсіз елдің тулғалары. 22.00 К.ф. "Жесірлер". 0.00 "Фарцовщики. Опасное дело".

"Жаркий лед". 22.00 РТН. 22.30 Тет-а-тет. 23.00 Өмір ағымы. 0.10 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 "Пятницкий 2". 13.00 "Сүйген жар". 13.50 Ашығын айтқанда. 14.40 "Джодха және Акбар". 15.30 "Судебные истории". 16.30 Давай пожемниме. 17.40 Пусть говорят. 18.55 "Принц Сибири". 20.00 Новости. 20.40 "Сүйген жар". 21.40 Жаңалықтар. 22.20 "Джодха және Акбар". 23.25 P@utina. 23.50 "Двойная жизнь".

КТК

6.15 КТК қоржынынан. 7.25 "Кардайы". 8.30 Жаңалықтар. 9.00 "Сарай ханымдары". 10.00 Верное средство. 12.00 Новости. 12.40 Черный квадрат. 13.15 "Морские дьяволы. Смерч. Судьбы". 15.10 Семейные драмы. 16.05 Кесір. 16.35 "Тағдырмен тартыс". 18.00 "Махаббат мұңы". 19.00 "Махаббатта шек бар ма?". 19.30 Әйел қырық шырақты. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.40 Наша правда. 22.40 "Королева бандитов". 0.10 "Морские дьяволы. Смерч. Судьбы".

кий лед". 22.00 РТН. 22.30 Солнечная кухня. 23.00 Өмір ағымы. 0.10 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 "Пятницкий 2". 13.00 "Сүйген жар". 13.50 "Джодха және Акбар". 14.40 Жұма уағызы. 14.55 Қылмыстық іс №. 15.30 Х.ф. "Будем на ты". 17.40 Жди меня. 18.50 Поле чудес. 20.00 Новости. 20.40 "Сүйген жар". 21.40 Жаңалықтар. 22.20 "Джодха және Акбар". 23.25 P@utina. 23.50 "Прошлым летом в Чулимске".

КТК

6.15 КТК қоржынынан. 7.25 "Кардадайы". 8.30 Жаңалықтар. 9.00 "Сарай ханымдары". 10.00 Верное средство. 12.00 Новости. 12.40 Наша правда. 13.40 "Морские дьяволы. Смерч. Судьбы". 15.35 Семейные драмы. 16.35 "Тағдырмен тартыс". 18.00 "Махаббат мұңы". 19.00 "Махаббатта шек бар ма?". 19.30 Әйел қырық шырақты. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.45 Наша правда. 22.45 Х.ф. "Врача вызывали?" 0.35 Х.ф. "Географ глобус пропил".

5 қыркүйек, сенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Концерт. 8.00 Қымызхана. 9.00 Сенбілік таң. 10.05 Ас болсын! 11.30 М.ф. 13.00 Білгірлер бәйгесі. 13.45 Поэзия әлемі. 14.15 К.ф. "Шыңдалған намыс". 15.50 Әзіл әлемі. 17.30 Жаңалықтар. 17.50 Т.х. "Қара шаңырақ". 19.30 Концерт. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Сенбілік кездесу. 22.35 Жайдарман. 0.25 Жаңалықтар. 1.00 К.ф. "Шыңдалған намыс".

ХАБАР

7.00 Қалжың қоржыны. 9.00 Бармысың, бауырым? 10.00 Ұлт саулығы. 10.30 М.с. 11.50 Х.ф. "Артур и месьт Урдалака". 13.40 Орталық Хабар. 14.35 Жұлдызды дода. 16.10 Тур де Хабар. 16.40 Сказка "Ловкий вор". 17.50 Бенефис-шоу. 19.00 Бұйымтай. 19.40 Ду-думан. 21.00 Жеті күн. 22.00 Х.ф. "Дивергент". 0.30 "Құрбылар".

6 қыркүйек, жексенбі

ҚАЗАҚСТАН

8.30 Қымызхана. 9.00 Ақсауыт. 9.30 Бүгін жексенбі. 11.05 Баламен бетпе-бет. 11.25 М.х. 12.15 Айтыстан үзінді. 13.00 Концерт. 13.45 Келбет. 14.15 К.ф. "Семсер". 16.15 Концерт. 17.50 "Қара шаңырақ". 20.00 Апта. 21.00 Ұлттық шоу: Роза шақырады. 22.25 К.ф. "Күз аңыздары". 0.30 Футбол. Исландия - Казахстан.

ХАБАР

7.00 Концерт. 8.30 Айбын. 9.00 Жеті күн. 10.00 Ас арқау. 10.30 М.с. 12.50 Сказка "Братец и сестрица". 14.00 Ду-думан. 15.20 Бұйымтай. 16.20 К.ф. "Менің күнәлі періштем". 18.00 Концерт. 19.40 Бенефис-шоу. 21.00 Жеті күн. 22.00 К.ф. "Королева". 0.00 К.ф. "Алданған үміт".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Жаңалықтар. 8.30 М.с. 9.00 Новости. 9.35 К.ф. "Аңшы бала". 11.35, 12.55, 13.55, 16.20, 17.55, 18.25, 19.55 Телемаркет. 11.30 Әуендер әлемі. 12.00 "Әдемі-Ай". 13.00 Телетриптих "00.00". 14.00 Гала-концерт. 16.20 Д.ф. "Право на победу". 17.00 "Нояндар". 18.00 530:630. 18.30 Т.с. "Широка река". 19.30 Элегиялық эсселер. 20.00 Полиглот. 20.30 Ажар. 21.00 Арқа-ақпарат. 21.35 Х.ф. "Мама-детектив".

АСТАНА

8.00 Ән шашу. 8.35 Такси. 9.20 Суперпапа. 10.00 М.ф. 10.35 Магия. 11.00 Дүние жарық. 11.30 "Мадхубала". 13.00 Т.с. "Отрыв". 15.05 Х.ф. "Пираты 20 века". 16.45 Әзілстан. 17.45 Қалжың-қоржын. 18.05 Ел аузында. 18.30 "Мадхубала". 20.05

Ел аузында. 20.30 "20:30". 21.20 Астана кеші көнілді. 22.35 Х.ф. "Домино". 1.00 "Ұмытылмас".

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 "Әуенмен жеткен жырларым". 8.35 К.ф. "Шоқ пен Шер". 10.10 Картина маслом. 10.45 Золотая середина. 12.00 Жасампаз ғылым. 13.00 Х.ф. "Большой аттракцион". 14.45 Концерт. 16.00 ХХІ ғасыр көшбасшысы. 17.30 Кітапхана. 18.05 К.ф. "Менің атым Қожа". 19.25 Өнер ырғағы. 20.30 Концерт. 21.35 Х.ф. "Генрих Наваррий". 0.25 "Көзіайым қала".

НТК

7.45 Көңілді таспа. 8.40 Екі езу. 9.00 Звезданутые. 10.00 М.ф. 11.40 "Маша и Медведь". 13.10 Күлкі базар. 13.35 Карaoke-киллер. 14.40 Екі езу. 15.00 М.х. 16.10 Х.ф. "Папина

Х.ф. "Прости, дитя". 16.40 "Сырты бүтін...". 17.10 Сырласу. 18.00 Бай бол. 18.35 "Мадхубала". 20.05 Той жыры. 20.30 "20:30". 21.20 Репортер представляет. 21.40 Х.ф. "Погребенный заживо". 23.30 "Ұмытылмас".

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.05 Концерт. 8.45 К.ф. "Голубинь звонарь". 10.10 Ғылыми кеңес. 11.00 Эксплозив. 12.00 Джаз-рандеву. 13.00 "12 виолончелист". 14.00 Этимология образа. 14.20 Концерт. 16.00 Лидер ХХІ века. 16.45 Сол бір кеш... 18..10 Өнер ырғағы. 19.00 Х.ф. "Лютый". 21.30 Ақсарай. 23.05 К.ф. "Абай әуендері".

НТК

7.45 Көңілді таспа. 8.40 Екі езу. 9.00 Рыжие. 9.20 Большая разница. 10.20 М.ф. 11.40 "Маша и Мед-

"Алтынсарин ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірыңғай конкурстық комиссиясы келесі бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

1) **"Алтынсарин ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру – бақылау жұмысы бөлімінің бас маманы, санаты Е-4, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 59 579 теңгеден 80 720 теңгеге дейін.**

Функционалдық міндеттері:

Облыс әкімі блогының және ресми сайтының қызмет істеуі бойынша жұмысты жүзеге асырады. Ауданда "электронды үкімет" ақпараттық жүйесін енгізу бойынша іс шараларды жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыру. Ақпараттандыру мәселелері бойынша мемлекеттік мекемелерге кеңестік көмек көрсетеді. Ауданның мемлекеттік ұйымдарының қызметінде мемлекеттік қызмет көрсету және ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігі бойынша бағалауға бақылауды жүзеге асырады. Жергілікті атқарушы ұйымдарда ақпараттық қауіпсіздік саясатының қамтамасыз етілуін бақылайды. Сайлаушылар базасын жүргізу. Ауылдық округтер және ауыл әкімі аппараттарымен "Сайлаушы" мәліметтер базасындағы сайлаушылар тізімімен жұмыс бойынша өзара іс-қимыл жасау, келуші және шығушылар тізіміндегі өзгерістерге бақылау жүргізу. Аудан әкімінің қатысуымен өтетін жиналыстардың материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру бойынша құжаттарды дайындау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары педагогикалық (гуманитарлық, білім), құқық, техникалық ғылымдар және технологиялар (ақпараттық жүйелер, есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету).

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес, осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан–2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

2) **"Алтынсарин ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің құжаттамалық-қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы, санаты Е-4, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 59 579 теңгеден 80 720 теңгеге дейін.**

Функционалдық міндеттері:

Әкім аппаратында ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету. Аудан әкіміне қол қоюға, келісуге, бекітуге берілетін құжаттардың дұрыс құрылуын, дайындау сапасына бақылау жасауды қамтамасыз ету. Ауылдық және ауыл әкімдіктері аппараттарына құжаттардың мемлекеттік тілде жүргізілуіне методикалық көмек көрсету.

Ішкі құжат айналымы бойынша есептілікті жүргізу. Әкім аппаратының шығыс және ішкі құжаттарды тиісті адресатқа жолдау. Аудан әкімінің, оның орынбасарларының, аудан әкімі аппараты басшысының жеке және заңды тұлғаларды қабылдауын ұйымдастыру. Ауданның кәсіпорындарының және мекеме басшыларының тізімдерін уақытында жаңарту бойынша жұмысты қамтамасыз ету. Бланктерді пайдалану бойынша есеп және есептілігін қатаң түрде жүргізу.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары педагогикалық (гуманитарлық, білім), құқық, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, менеджмент, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару).

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес, осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конститу-

циясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан–2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері Агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс комиссиясын қалыптастыру Қағидалары (бұдан кейін - Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларда 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініші;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні ішінде** "Алтынсарин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің **кадр қызметі бөліміне** тапсырылуы тиіс. Мекенжайы: 110100, Алтынсарин ауданы, Обаған ауылы, Ленин көшесі, 4, анықтама телефоны: 8(71445) 49-027, факс 34248, электрондық мекенжайы: altynsar@kostanay.gov.kz.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетілге отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 күн ішінде** "Алтынсарин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде өтеді.

Конкурстық комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурстық комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жерді жалдауды, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

● САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

Егер орманда өрт болса...

Облыстық төтенше жағдайлар қызметкерлері орманда өрт шықса, бірінші неден сақтану керектігін ескертеді. Қызыл жалынды болдырмау үшін темекі қалдықтарын және басқа да шала сөнген қоқыстарды қараусыз қалдырмау қажет. Естепіңізде болсын, тез жанғыш материалдардың дұрыс сөнбеуі де өрт қауіпін төндіреді. Егер де сіз орманда жүріп, төтенше жағдайға куә болсаңыз, ең бастысы, нені білу шарт? Онда міндетті түрде "101" немесе "112" нөмірлері бойынша құтқарушыларға хабарлауыңыз қажет. Орманда өрттің туындағаны жөнінде хабар берген кезде өзіңіздің қауіпсіздігіңізді қадағалаңыз.

Қайғылы жағдайды болдырмау үшін Сізге келесі міндеттерді орындау керек: өрт оқиғасы болған маңайдағы адамдарды құлақтандырып, тез арада қауіпті аумақтан кету жолдарын ойластыру керек. Жолға, суға қарай шығу керек. Егерде оттан кетуге бөгет болса міндетті түрде ашық алаңқайға шығу немесе су ішіне түсу қажет. Егер маңайды көк түтін басса, онда ауыз бен мұрынды сулы шүберекпен басу керек. Орман өрті кезінде дұрыс қам-қарекет жасағанда ғана төтенше жағдайдан аман-есен құтылуға болады.

Облыстық ТЖД мемлекеттік тіл және ақпараттандыру тобы.

"Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" ММ (110000, Қостанай қаласы, Таран көшесі, 83, 428-кабинет, анықтама телефоны: 54-05-73, факс: 54-39-53, электрондық мекенжай: oblisport@kostanay.kz) "Б" корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды.

Дене шынықтыру-бұқаралық жұмыс бөлімінің жетекші маманы, Д-О-5 санаты, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 57 656 теңгеден 78 157 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Олимпиадалық емес, ұлттық спорт түрлерін дамуға талдауды жүзеге асырады. Ұлттық және олимпиадалық емес спорт түрлерінен облыстың құрама командасын дайындауды және халықаралық жасауды ұйымдастырады, олардың Қазақстан Республикасының чемпионаттарында, кубоктарында, біріншіліктерінде, кешенді іс-шараларына және басқа да республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуын, облыстық құрама команда тізімін бекіту үшін дайындауды қамтамасыз етеді.

Ұлттық және олимпиадалық емес спорт түрлерінен спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу және дайындауды қамтамасыз етеді. Сауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі іс-шаралар өткізеді. Олимпиадалық емес және ұлттық спорт түрлерін дамытуға, осы спорт түрлері бойынша спорттық резервті дайындауға, ағымдағы және перспективалық жоспарларды жүзеге асыруға бақылау және дайындауға, спорт түрлерін дамыту жөніндегі ақпаратты дайындауға жауап береді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары педагогикалық (дене шынықтыру) немесе ортадан кейінгі педагогикалық (дене шынықтыру) білім.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан–2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс "Бос әкімшілік мемлекеттік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығының негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініші;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" ММ (Қостанай қаласы, Таран көшесі, 83, 428-кабинет) конкурсты өткізу туралы хабарламаны жариялау күнінен **10 жұмыс күн ішінде** ұсынылуы керек.

Конкурстық комиссияның қарауына азаматтармен мерзімде қолма-қол немесе пошта бойынша берілген (қоса беріліп отырған құжаттар көрсетілуімен папкіге салынған) құжаттар қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін электрондық пошта арқылы құжаттардың түпнұсқаларын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны әңгімелесуге жіберу туралы хабарландыру күнінен бастап **5 жұмыс күн ішінде** "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" ММ-де өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлға әңгімелесу өткізуі басталуына дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей персоналды басқару қызметінде "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" ММ-де тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" ММ-не жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Конкурсқа қатысуға шығындар (өткізілуі орнына және кері қайтуына жүру, үй-жайын жалдауға, тұруына, барлық түрдегі байланыс қызметтерімен пайдалануына) азаматтар өз қаражаты есебінен төлейді.

Жарнама:

54-33-22, 54-99-69 (факс)

● ТАҒЫМ

Қош бол, жан апа!

Қазақ журналистикасында өзіндік орны бар, қазақтың аяулы қызы Айжан Жұмабаева да дүниеден өтті. "Айжан өмірден озды" деген хабардан жүректі езген мұның батпандай салмағы жаншып, жанымды қоярға жер таппай қалдым. Енді менің жанашыр апамның жоқтығын ойлаудың өзі еңсені басытын ауыр зіл екенін ұқтым. Бәлкім жазбауыма да болатын ба еді, бірақ жоқтаған көңілім тыншу бермеді, жан апа!

Көңіл алай-түлей. Қолыма қағаз бен қалам алып, жүрегімді езген сағыныштың емін табатындай болып, оның асқақ рухымен тілдескім келді.

Толқи аққан Торғайдың бойында, торғынды Тосынында Ақшығанақ атты керім ауыл жатыр. Осы шағын мекендегі Қаражан Топаев атындағы орта мектептің оқушылары өлең-жыр, әдебиет десе құлақтарын қайшылап тұрады. Алдында ағаларыңның сөз ұстағандарын ауыл-аймақ жабыла бетке ұстап, кейінгіге үлгі еткендігінен бе, әлде топырақтың да бір қасиеті бар ма, білмеймін осы ауылда туған жанның өнерге елеңдемейтіні жоқ. Айжан қыз да сондай кішкентайынан өнер десе ішкен асын жерге қойып өсіпті. Ауылдан арманының желкенін Торғайдың жазыла ескен самалына керіп, Алматыға оқу іздеп аттанғанда Айжан Қуанышбайқызы небары 16-ақ жаста екен. Осылайша танымал журналист, шебер жазушы, пиар саласының маманы Жұмабаева Айжан Қуанышбайқызы атты ауылдас апамды қолыма қалам алып, ес білген кезден тани бастадым. Баспасөз беттерінен, үйдегі көгілдір экраннан көре қалсақ, "Біздің Айжан ғой, әні, Айжанды қара!" деп, ауылдастары сырттай тілекші болып жүруші едік.

Мен ол кісінің жерлесі ғанамын. Ақын я жазушы емеспін. Бірақ сол шығармашылық адамдарының еңбегін көзден таса қылмай оқып, кімнің немен айналысып жүргенін, яғни кімнің не жазып жүргенін жүрек түкпіріне сақтап, шамам жеткенше оларды көкірек көзінен өткізушілердің бірімін.

Осыдан бес жыл бұрын Ардабек Солдатбай редакторы болған "masa.kz" сайтында



"Қара тырна" немесе қазақы психология" деген әңгіме шықты. Авторы Айжан Жұмабаева (Жданова) екен. Сол шығармасын оқу арқылы жан апамның табиғатын тани бастадым. "Қара тырна" деген лақап атпен атайтын ағасын ақтық сапарға шығарып салып, уайымнан ерте есейіп кеткен жолсерік кішкентай қыздың әңгімесі арқылы автор адамдардың психологиясын, қазақтың баласының образын басқа қырынан ашып көрсете білді. Осы бір ғана әңгімесінде қазақтың болмысы, қазақтың мінезі, әлемдік проблемаларға қазақы көзқарас, бәрі-бәрі қосылып, оның жоғары деңгейдегі жазушы екенін анықтап бергендей болды. Осы әңгімесінен кейін сол сайтқа жиі бас сұғып тұрушы едім. Сондай сәттердің бірінде "Нәзипа Құлжанова қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист" атты жан-жақты зерттеп, зерделеніп жазылған мақаласы жарық көрді. Қазақтан шыққан тұңғыш қаламгер әйел, үлкен талант иесі Нәзипа апамыз туралы жазылған сол мақала өзінің өзектілігімен ерекшеленді. "Алаш арыстарына қандай марапат көрсетсек, Нәзипа Сегізбайқызына да сондай құрмет көретуіміз қажет. Ахаң — Ахмет Байтұрсыновтың өзі өлең арнап, қарындасының талантына бас иген", — деп жазған болатын.

"Ақшығанақтықтар" Айжанның Қазақстан Журналистер одағының, "Қазақстан Республикасы Бас редакторларының клубы" АҚ-ның, "Нұр Отан" ХДП Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі қоғамдық кеңесінің Астана қалалық филиалының мүшесі болғанына

көңілдері толып, "Цесна-Азия" ("Астана" ТК) телекомпаниясы ЖШС жаңалықтардың қазақ редакциясының редакторы болып, "Үкімет арнасы" және "Қаламгер" авторлық бағдарламаларының авторы ретінде танылғанына қуандық. Астана қаласы Халықаралық баспасөз орталығының жетекшісі, Астана қаласы әкімшілігінің "Астана дауысы — Голос Астаны" ақпараттық агенттігі МКҚК-ның бас редакторының орынбасары, "Алматы" ауданы әкімінің ішкі саясат аппараты бөлімінің басшысы, Астана қаласы Халықаралық баспасөз орталығының және Астана дауысы" ақпараттық агенттігінің директоры сияқты лауазымдарды атқарғанда, 2009 жылдан бері — "IMIGE.kz" PR-агенттігінің жетекшісі және "Имидж-Центр" республикалық журналының бас редакторы болып жемісті қызмет еткенін мақтаныш тұтатын.

Айжан Қуанышбайқызы ел басшысы Нұрсұлтан Назарбаевты өзінің саяси идеалы санады. Мемлекеттік қызметте жүрген кездерінде ол өзінің журналист ретіндегі азаматтық ұстанымын бәрінен биік қойды. Ел өміріндегі түйінді мәселелерді шешуде үндемей қаламады. Қоғамды алаңдатқан жағдайларға елеусіз қарап қалмайтын, өткір тақырыптарды тайсалмай қозғайтын талантты журналистердің бірі ретінде замандастарының есінде қалды.

Өмірдің қамшының сабындай қысқалығын қанша рет айтсақ та, ұмытып кететініміз рас қой? Тіпті, дүниенің буына массаттанған кейбіреуіміз, аз күнгі тамашаны — Алла Тағаланың бізге берген мәңгілік сыйындай көретініміз неліктен екен?

Айжан Жұмабаева қазақтың талантты журналист қызы екенін қайсар мінезімен, қара қылды қақ жаратын тура сөзімен, жалтақтамайтын, жалпаңдамайтын өрлігімен, ешкімге жамандық ойламайтын мейірімді әппақ жүрегімен көрсетіп те, дәлелдеп те кетті.

Қош, жаным апам! Барзақ әлемінде өзіңіз пір тұқан Нәзипа апаның рухымен табысып жатқан боларсыз... Сіз мен үшін халқына аяулы қызы болған, біртуар жан болып қала бересіз.

Дәулет СЕРІКБАЙ.
Арқалық қаласы.

● ҚҰТТЫҚТАУ

Құттықтаймыз!

Қос аққудай қатар жүзген



Газетіміздің жанашыры және ұзақ жылдар бойғы белсенді авторы, Меңдіқара және Ұзынкөл аудандарында ауылшаруашылық саласында басшы қызметтерде болған, халқына жаққан, ұлтжанды, ұлағатты азамат **Жәлел Сұлтанғазин** мен оның жұбайы, абзал ана **Бағытайдың** отбасын құрып, өмір айдынында қос аққудай қатар жүзгеніне 60 жыл толыпты. Олар ұл-қыз өсіріп, оларға келісті тәрбие берді, сол перзенттері — үш қыз, екі ұлы, олардан тараған немере-жиендері Сұлтанғазиндер әулетін қуаныш-шуаққа бөлеп жүр.

Жәкең "Қостанай таңы" газетінің өз адамы болып кеткелі қашан. Ол журналистердің үлкен досы, сырласы. Көргені мен көңілге түйгені мол ағаның ақыл-кеңесіне құлақ тұру біз үшін ерекше ғанибет.

Аға-жеңгемізге ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, қуанышты көңіл-күй тілейміз.

"Қостанай таңы" газеті редакциясының ұжымы.

Баротов Шавкатжон Наимовичтің шаруа қожалығының сенімді тұлғасы — Өмірбаев Ахметқали Төлепбергенович кепілдік мүлікті соттан тыс өткізу тәртібімен келесі мүлікті сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды:

Дала қосы ғимараты, жалпы алаңы 383,7 ш.м., кадастрлік нөмірі 12-183-100-199, алаңы 0,1 га, ауыл шаруашылық нысанындағы объектіге (дала қосы ғимараты) пайдалану және қызмет көрсетуге арналған жер телімін 12.05.2063 жылға дейінгі мерзімге жер пайдалану құқығымен және астық қоймасы, жалпы алаңы 655,9 ш.м., кадастрлік нөмірі 12-183-100-200, алаңы 0,1 га, ауыл шаруашылық нысанындағы объектіге (астық қоймасы) пайдалану және қызмет көрсетуге арналған бөлінісетін жер телімін 30.04.2063 жылға дейінгі мерзімге жер пайдалану құқығымен, орналасқан мекенжайы: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Глазунов селолық округі.

Сатып алу бағасы сауда өткізілген сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 2015 жылғы 15 қыркүйек сағат 10.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Затобол кенті, Калинин көш., 51 А үй ("Костанайский" СПК кеңсесі).

Өтінімдер 2015 жылғы 14 қыркүйек сағат 18.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай қ., Киевская көш., 17 үй, анықтама үшін телефон: 8-71-42-56-10-46.

Құрметті Қостанай облысының тұрғындары! "Халыққа қызмет көрсету орталықтары" мемлекеттік қызметтерді түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін қызмет көрсететіндігін ескертеміз. Демалыс күні — жексенбі.

"Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ "Қостанай таңы" газетінде 2015 жылғы 26 тамыздағы **№ 95 (18304)** шыққан бос орын туралы хабарландыруға мына түзетулерді енгізеді: конкурсқа қатысушыларға талаптарда "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" заң алынып тасталсын.

**Қостанай қаласының координаттарына сәйкес
Қыркүйек айына намаз уақыттарының кестесі
Милади 2015 жыл - хиджри 1436 жыл**

Қыркүйек	Апта күндері	Таң намазы	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінді намазы	Ақшам намазы	Құптан намазы
1	Сейсенбі	4:52	6:52	13:44	18:24	20:45	22:16
2	Сәрсенбі	4:52	6:52	13:44	18:24	20:45	22:16
3	Бейсенбі	4:56	6:56	13:44	18:21	20:40	22:11
4	Жұма	4:57	6:57	13:44	18:19	20:37	22:08
5	Сенбі	4:59	6:59	13:43	18:17	20:35	22:06
6	Жексенбі	5:01	7:01	13:43	18:15	20:33	22:04
7	Дүйсенбі	5:03	7:03	13:43	18:13	20:30	22:01
8	Сейсенбі	5:04	7:04	13:42	18:11	20:28	21:59
9	Сәрсенбі	5:06	7:06	13:42	18:09	20:25	21:56
10	Бейсенбі	5:08	7:08	13:41	18:07	20:23	21:54
11	Жұма	5:10	7:10	13:41	18:06	20:21	21:52
12	Сенбі	5:11	7:11	13:41	18:04	20:18	21:49
13	Жексенбі	5:13	7:13	13:40	18:02	20:16	21:47
14	Дүйсенбі	5:15	7:15	13:40	18:00	20:13	21:44
15	Сейсенбі	5:16	7:16	13:40	17:58	20:11	21:42
16	Сәрсенбі	5:18	7:18	13:39	17:56	20:09	21:40
17	Бейсенбі	5:20	7:20	13:39	17:53	20:06	21:37
18	Жұма	5:22	7:22	13:39	17:51	20:04	21:35
19	Сенбі	5:23	7:23	13:38	17:49	20:01	21:32
20	Жексенбі	5:25	7:25	13:38	17:47	19:59	21:30
21	Дүйсенбі	5:27	7:27	13:38	17:45	19:56	21:26
22	Сейсенбі	5:29	7:29	13:37	17:43	19:54	21:24
23	Сәрсенбі	5:30	7:30	13:37	17:41	19:51	21:21
24	Бейсенбі	5:32	7:32	13:37	17:41	19:51	21:21
25	Жұма	5:34	7:34	13:36	17:37	19:47	21:17
26	Сенбі	5:35	7:35	13:36	17:35	19:44	21:14
27	Жексенбі	5:37	7:37	13:35	17:33	19:42	21:12
28	Дүйсенбі	5:39	7:39	13:35	17:31	19:39	21:09
29	Сейсенбі	5:41	7:41	13:35	17:29	19:37	21:07
30	Сәрсенбі	5:43	7:43	13:34	17:26	19:34	21:04

24 қыркүйек — ҚҰРБАН АЙТ Ескерту:

Діни мақалалар мен видео, аудио уағыздарды, намаз оқып үйрену үлгісін, әлемдік, ел және аймақ жаңалықтары мен намаз уақыттары жайлы қосымша мағұлматтарды қазақ әрі орыс тілдерінде **akmechet.kz** — Қостанай облыстық "Марал ишан" мешітінің ресми сайтынан көре аласыз. Құрметті мұсылман бауырлар мен қарындас-тар! **akmechet.kz** сайтымызға кіру арқылы дініміздің таралуына өз үлестеріңізді қосыңыздар!

Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы

2015 жылғы тамыздағы Қостанай облысы бойынша күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы 19265 теңгені құрады.

Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы — құнының шамасы бойынша ең төменгі деңгейдегі тұтыну қоржынына тең бір адамға қажетті ең төменгі ақшалай табыс.

Ең төменгі тұтыну қоржыны заттай және құндық шағылудағы тауарлар мен қызметтердің ең аз жиынтығы. Ол азық-түлік қоржынынан (60%) және азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтердің (40%) шығыстарынан тұрады.

Азық-түлік қоржынына 43 тамақ өнімдерінің атаулары: ет, балық, сүт, май-тоң май, нан, жеміс-

көкөністер және олардың түрлері, жұмыртқа, қант, шай, дәмдеуіштер және басқа тағамдар кіреді.

2015 жылғы тамызда 2014 жылғы желтоқсанға қатысты Қостанай облысы бойынша халықтың орташа жан басына шаққанда күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы 9,3%, өткен айға — 5,7% көтерілді және 19265 теңгені құрады (тамақ өнімдері — 11558 теңге, азық-түлік емес тауарлар және ақылы қызметтер көрсету — 7707 теңге).

Оның құрылымында ет пен ет өнімдерін сатып алуға кеткен шығыстар үлесі 17,8%, жемістер мен көкөністерді — 15,8%, сүт, ірімшік пен жұмыртқа — 11,6%, нан және жарма өнімдері — 7,7%, май және тоң-май — 3,7%, қант, шай және дәмдеуіштер — 2,0%, балық — 1,4% алады.

Сыңғырла, күміс қоңырау!

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

Кеше еліміздің барлық білім ошақтарында алғашқы қоңырау соғылды. Қостанайдағы №11 орта мектеп ұжымы да білім күнін бар сән-салтанатымен қарсы алды. Ашылғалы бері бірнеше буын түлектерді алтын ұядан ұшырып үлгерген білім ордасы осыған дейін республикалық, облыстық пәнаралық байқаулардың екінші, үшінші орындарын иеленді.

Биыл бұл мектептің табалдырығын 745 оқушы аттады. Мектеп директоры Гүлмира Ильясованың айтуынша, білім ордасында қазақ сыныптары көптеп ашылып жатқан көрінеді. Биыл мектеп алғаш рет мемлекеттік тілде оқытатын оныншы сыныппен толығып отыр. Ал жаңа оқу жылында білім ошағының табалдырығын жиырма бала аттады.



ШАҢЫРАҚ

Анар СӘРСЕНБАЕВА, көп балалы ана:

«Мемлекет тірегі — отбасы»

Отбасы — адам өміріндегі ең қымбат дүние екені белгілі. Үйдің берекесі ер мен әйелдің сыйластығы, татулығымен кіреді. Сондықтан шаңырақтың берік болуына екі жақ бірдей жауапты.

Халқымыз «Отан — отбасынан басталады» деп бекер айтпаған. Аталы сөздің астарына үңілсек, отбасы және некенің мемлекет үшін қаншалықты маңызды екенін аңғаруға болады. Яғни, әр қазақстандық отбасының жетістігі тұтас мемлекеттің жеңісі. Еліміздегі әрбір отбасының жағдайы жақсы болса мемлекет те дамып нығайды, халықтың әл-ауқаты артады.

Қай уақытта болмасын елдің дамуына қоғамдағы отбасының жағдайына байланысты баға берген. Адам өмірі отбасынан басталады және оның азамат ретінде қалыптасуы да отбасында өтеді.

Халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін жақсартудың негізі ана мен баланы әлеуметтік қорғау. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері көп



балалы отбасыларды әлеуметтік қолдауға барынша мән берілді. Арнайы жәрдемақылар мен әлеуметтік көмек түрлерінің саны артты. Қазіргі жұмыс істейтін әйелдер жүктілігіне байланысты әлеуметтік төлемдер белгілеу үшін өтініш бере алады.

Өз басым бес баланың анасымын. Көпбалалы ана ретінде үкіметтен 2010 жылы Затобол-кентінен баспана берілді. Жергілікті билік балаларыма киім-ке-

шек, оқу-құрал алып беруді де ұмыт қалдырған жоқ. Қазір ұл-қыздарымның үшеуі оқу бітіріп, өз алдымен шаңырақ көтерді. Қолымда екі оқушы балам ғана қалды. Мемлекет қолдауының арқасында бес баламды жеткіздім. Осының өзі ата-ана мен балаға деген мемлекет қамқорлығының жарқын үлгісі емес пе.

Еліміздің Ата заңына сәйкес отбасы заңның қолдауында болады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында «Неке мен отбасы, ана, әке мен бала мемлекеттің қорғауында болады.

Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-аналардың табиғи құқығы мен міндеті болып табылады» деп көрсетілген. 2013 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен қыркүйектің екінші жексенбісі Отбасы күні болып белгіленді. Бұл күнді Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер тізіміне енгізудегі мақсат қоғамның назарын отбасы құндылықтарын нығайтуға аудару еді.

Арқалықта ескерткіш ашылды

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалықтағы «Жастар саябағында» ауған соғысында қаза болған жауынгерлердің құрметіне арналған ескерткіш ашылды.

Халық көп жиналған ізгілікті шарада ең алдымен боздақтар бір минуттық үнсіздікпен еске алынды. Мұнан соң жас жеткіншектер ауған соғысының ардагерлеріне гүл шоқтарын ұсынып, батырлармен бірге әуеге шар ұшырды.

Қала әкімі Ғ. Бекмұхамбетов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Б. Смағұл, республикалық ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектер қоғамы төрағасының орынбасары М.Төлекбаев, Торғай боксит кен басқармасының директоры В. Родин, ауған соғысының ардагері М.Бәлдіковтер құттықтау сөз сөйледі.

Ескерткіштің бой көтеруіне қаладағы ірі өндіріс ошақтары «ТБРУ», «Алюминқұрылыс», «Әліби сенім» ЖШС және жекелеген жеке шаруа қожалықтары демеушілік жасаған. Қала әкіміне және демеушілерге Б.Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты» медалы табысталды.

Ауған соғысының ардагерлері Ғ.Ерназаров, М.Бәлдіков, Т.Кунаковтар армия генералы С.Нұрмағамбетов атындағы төс белгімен марапатталды.

Арқалық қаласы.

Суретті түсірген автор.



ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

Жерлесіміз – жүлдегер!



Жуырта Павлодарда ҚР IV жазғы паралимпиада ойындары болып өтті. Оған еліміздің барлық өңірінен 594 мүмкіндігі шектеулі спортшылар қатысты. Төрт күнге ұласқан жарыста спорттың суға жүзу, пауэрлифтинг, жеңіл атлетика, үстел теннисі, арбадағы би, отырып волейбол ойнау тәрізді жеті түрінен 424 медаль сарапқа салынды.

Ойынның қорытындысы бойынша спортшылар мен командалар әр түрлі дәрежелі дипломдарға ие болып, кубоктер, медальдар және де бағалы сыйлықтармен марапатталды. Жарыс жеңімпаздары 2016 жылы Рио-де Жанейро қаласында өтетін Паралимпиялық ойындарға лицензиялар ұтып алудың дайындық сатысы болып табылады.

Естеріңізде болса, мамыр айынан бастап, Қазақстанның барлық аймақтарында 4000 спортшы қатысқан облыстық және қалалық деңгейде іріктеу кезеңдері болып өткен еді. Солардың арасында үздіктері ғана республикалық жарысқа жолдама алды. Айта кетейік, сынға түскендердің қатарында облыстық туризм басқармасы мен спорт саласындағы лауазымды тұлғалар да бар.

Қостанайдағы «Үміт-Надежда» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Дүйсенғали Оспанов үстел теннисінен «күміс» медальді жеңіп алды.

Меншік иесі:

“Қостанай таңы” газеті
редакциясы” ЖШС

Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың
орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Социологиялық зерттеу орталығы:
54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергізің келсе: 39-26-88



Бухгалтерия:
54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы:
54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 5-57-60
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның
мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. “Қостанайполиграфия” ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10467. Тапсырыс 1904.

Нөмірдің кезекші редакторы: Н.МЕШТБАЕВ.